


Жас тақырын

12010
28001

Анар
Шамшадинова



Тамызда қайтып
оралышы

12010128001

АНАР ШАМШАДИНОВА

Сәнгат жылдарындағы мемлекеттік
ішкі мемлекеттік тәсілдердегі анық

бейнелеудегі шығармалар тәсілдердегі мемлекеттік
фирма пайдаланылады.

Тамызда қайтып оралышы

Четкіл
Кітапхана
Жорна

Алматы

17.09.2015
АУРУ.



Алматы

“Жалын баспасы”

2010

УДК 821.512.122
ББК 84 (5Каз) 7-44
Ш-22

**Қазақстан Республикасының Байланыс
және ақпарат міністірлігі**
Ақпарат және мұрағат комитетінің бағдарламасы
бойынша шығарылыш отыр

Ш-22 Шамшадинова Анар.
Тамызда қайтып оралышы. Поэзия./
Анар Шамшадинова. —
Алматы:
“Жалын баспасы” ЖШС, 2010. — 160 б.

ISBN 9965-693-99-4

Маңғыстаулық ақын Анар Шамшадинованаң бұл олеңдер жинағына өмір, маҳаббат, поэзия және туған жер туралы жырлары енген. Албырт сезім мен өмір мұндарымен қатар, болашаққа деген үкілі үміті жетелеген ақын қыздың жырлары коусарлық пен арманға толы.

III — ~~4702250201~~
— 408 (05)-09 2010

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Каз) 7-44

ISBN 9965-693-99-4

© Анар Шамшадинова., 2010
© “Жалын баспасы” ЖШС, 2010

**Самға
сағыныш**

ҚАЗАҚСТАН

Мынау жалпақ жердегі,
Менің жұмақ мекенім.
Тағдыр оның ермегі,
Болашағы жеке мұн.
Мынау заржақ заманда,
Ашылған кең қабағы,
Жасырмадан табағын
Жақсыға һәм жаманға.
Бөтен көрмей бәрін де,
Қадірлі етіп төрінде
Ұлт пен ұлыс тойлайды,
Өз үйім деп ойлайды
Ақсақалы ардакты
Қамын қүйттеп жан жақты,
Берекесі баланың
Мерекесі араның.
Жігіттері жалындай,
Қамал сыңды алынбай
Жарылардай жүрегі
Жалына алмай жүреді
Адамға да қоғамға
Намыс одан жоғалма.
Тек Аллаға бағынып
Тек Алланы сағынып,
Күлетүғын елжіреп,
Жылайтүғын тезірек
Қазақ деген кәрі ел бұл.
Алмағайып әлемде,
Жок менде арман, бота мұн
Менің жалғыз Отаным
Менің жалғыз Отаным.

• • •

Ием сенсің — Маңғыстау,
Кием сенсің — Маңғыстау!
Арып-ашып жүрсем де,
Орным менің бір сенде,
Сүйем сені, Маңғыстау!

Бағым сенсің — Маңғыстау,
Тағым сенсің — Маңғыстау!
Сен деп жылап тойында,
Мендең сезім бойымда
Жағым семсін Маңғыстау!

Арым сенсің — қандағы,
Барым сенсің — ардағым.
Тірлік теріс тұлтиды,
Бірлігіңе кім тиді?
Зарым сенсің жаңдағы.

Асылым сен анамдай,
Бар сырым кең даланда.
Алыс кетсем қалмадым,
Тек өзіңе арнадым
Балшырын жыр санамда.

Ертеңім сен — Маңғыстау,
Ерке мұң сен — Маңғыстау!
Сексеуіл мен жусаннан,
Мені қанша қусаң да,
Кете алмаймын, Маңғыстау...

Тамырда қайтып оралышы

Алматыдан, Астанадан алыста
Бір қала бар жас арудай толысқан
Жағасында Каспий деген кәрінің
Ұлт пен ұлыс бір-бірімен табысқан.

Бес алыптың Каспий қосқан арасын
Тілегі аян: достық, тапсын жарасым
Аққу-сезім аппақ атып таңдарда,
Шырқар өні шартарапқа тарасын.

Толқын үміт талпынады қашыққа
Шағалалар шағынғанда ғашықтай.
Болашаққа батыл басып келеді,
Ақтау-ару арманына асыққан.

Шашылған жыр-ән көктен,
Бірлікті ұран еткен
Каспий достық, теңіз!
Каспий достық, теңіз!

БЕЙНЕУ

Жалғыз емес, көлеңкеммен оңымда,
Қолымда мұн, көкіректе түйгенім.
Бір арманның кетіп едім соңында,
Саған қайтып келіп тұрмын, Бейнеуім.

Саған қайтып келіп тұрмын оралып,
Сырлар қалып,
Жылдар салып араға.
Балаң шаттық, дүр үміттен тоналып,
Тек өлеңім жұбанышқа жараған.

Жауабым жок,
Сұрақ жүзбен қарама.
Кетіп едім бір арманның соңында.
Сыймағандай Маңғыстаудай далама,
Нән қалаға,
Сәл үмітпен қолымда.

Келіп тұрмын,
Құшағыңды аш маған!
Өмірім жас,
Көңілім бос шаршадым
Шыңдықты іздең беймәлімге бастаған,
Нұрсыз дүние,
Дымсыз күнді аңсадым.

"Арманыңа адаспай жет" деп тілеп,
Анау жерде әкем қалған есімде.
Жаңбыр жаумай, желге үшты көп тілек,
Әз анашым,
Мәз баланды кешірме.

Нөсеріңдей кейде жасым құйылар,
Бекет болған тауларыңа жақынмын.
Құлағымда,
Тұрағымда жыры бар
Сөні сүйген Аманқостай ақынның.

Тамырда қайтып оралып

Сениші, Бейнеу,
Топырағыңа табындым.
Таңда күлдім, тұнде сен деп бүркеніп.
Қара қасын,
Дара даусын сағындым,
Жанарап қайда?
Біздің үйдің үлкені.

Балалықтың өзгерген бе көшесі?
Жұмаш шешем қуалайтын жақпасақ,
Қыркүйектің достар бүтін нешесі?
Күтуде ме, мектебіміз қақпасы ақ?!

Откізгенмін сенде қыс пен үр жазды,
Құр қиял мен мың ойлар бол ермегім.
Мынау жерде махаббат деп жыр жаздым,
Анау жерде ақ сезімге сенбедім.

Асығушы ек әлдекайда ұл-қыздар,
Боз далада
Бозбаламен сырласқам.
Жырақ түзде кішірмеді жұлдыздар,
Бірақ, бізді түсінбеді тұнгі аспан.

Өңім өзге, құр мінезben қайтпаған,
Арман адыра,
Сенім сөнген күйдемін.
Үкімінді,
Киқы мұнды айт маған
Мен өзіңе келіп тұрмын, Бейнеуім!!!

* * *

Күдіксіз көрінген көзімде,
Сырымды ақтарсам жасымай.
Күздің бір кіршікіз кешінде
Өзіңмен таныстым, Жасыбай.

Көз жастай мәп-мәлдір айдының,
Жағанды жайлаган тыныштық,
Ешқашан көрмеші қайғы-мұң,
Жатысың мен үшін тым ыстық,

Маңдайға жазылған қазақтың,
Құғын мен сүргіннен шошымай.
Кешсең де қаншама азапты,
Сен бірақ өлмедің, Жасыбай.

Сұлулық сен дер ем, сұраса,
Толқындар табысқан, тебіспей.
Жас талдар бимен ән құраса,
Бас суың күнменен өбіскен.

Баян тау құшақтап сезіммен,
Сен оған еркелеп тасымай.
Асығып аттандым өзіңнен,
Асығып жетемін, Жасыбай,
Асығып жетемін, Жасыбай.

Тамырда қайтып орамсы

Венгр жері сұы көп,
Даласы егін, нұы қек
Кәрі Дунай зулайды,
Берекені қумайды.

Фимараттар ғасырдан
Ғасырларға асылған
“Ио напот” деп таңдарда
Оятады жандарды.

Болашаққа асыққан
Кеудесінде тасып қан,
Шамдар сөнбей сыр тізген
Кештерде һәм күндізде.

Халық ұлы аланда
Ескерткіш бол қаланған
Орталықтар жасанған
Гүл жұмақтай жас арман.

Жұлдыздары жымыңдал
Аспанында мұңым қап,
Келем жалғыз жабығып,
Бір қазақты сағынып
Венгр жері жәйімді үк...

* * *

Талқан болып қамалдай тірегім де,
Етім өліп, күш бітті сүйегімде.
Өмір сұру мен үшін қыын боп тұр,
Мұндан басқа дым да жоқ жүрегімде.

Үміт, арман?
Ондай жоқ жүрегімде,
Содан оңай жылаймын, күлемін де.
Білте шамдай білінбей сөніп барам,
Маңғыстауым, қолданшы бір емінди!

Шындық таптай, шегіндім шаршағаннан,
Сауға сұрап, сарылдым қанша жаннан?
Алауыздық жайлады айналамда,
Бірлікті құр не шығар аңсағаннан?

Бақыт емес, ақтық сәт тосам алдан,
Ұйқастырып өлеңмен „Қош, аманды,,
Маңғыстауым, қумашы құшағынан,
Тудым, өстім, өлейін босағанда!!!

Тамырда қайтып оралышы

* * *

Тентек едім...
Тыныштыққа бағындым.
Жеңбек едім...
Енді мұнға жағындым.
Қоңыр күздің қылымсыған кештері
Тым Бекетшіл Бейнеуімді сағындым.

Адам едім...
Сезімдерге ерідім.
Адал едім...
Енді одан да жерідім.
Жыр жазар ем жағасында Каспийдің
Тұйық жаңбыр өзір менің серігім.

Арманы едім...
Бір жігіттің сабырсыз,
Жалғап еді
Ол үмітін тамырсыз.
Жетісуға күз келді де көшеде
Жапырақтар өліп жатты қабірсіз.

Ауылымның өшпесе екен шамдары,
Қауымының қараймасын қандары.
Күз сияқты мен жүремін көңілсіз,
Алматының зорға оятып таңдары.

Анар Шамшидинова

Маңғыстау!
Киелі мекенім
Тек өзің лайық талғамға.
Өзіңмен армансыз екенмін
Жалғанда.

Маңғыстау!
Мәртебемді асырар
Құм басқан төбелер, ен дала.
Фашықтын, сырым жоқ, жасырар
Іңкәрім сен ғана.

Маңғыстау!
Атыңнан айналдым
Затыңа байланып
Көркіне тоймаған көкте Күн.
Өлгенше төсінде жайланаң
“Соңғы рет сені өпсем тілегім жоқ” дедім.

Маңғыстау!
Қасиет дарыған
Шуаққа жарыған
Көшенде.
Ертеңгі тағдырың жанды жер жеке мұн
Десем де.
Шаттықтан жаным мас
Жауыны қарымас
Менің құт мекенім.

Тамырда қайтып орамсыз

Елім,
Еркелігімді көтерер,
Өзіндей дархан қайда бар?
Перзенттік парыз өтелер,
Тек сонда жаным жай табар.

Жерім,
Байтақтығыңа бас иіп,
Сай тоқтығыңа жылаймын.
Өлеңмен алдыңа ас үйіп,
Төсіңе тізерлеп құлаймын.

Қазағым,
Айдалып, көшіп тегіннен,
Тартқансың тағдыр залалын.
Ертеңің үшін егілме,
Ұрпағың табар амалын.

Алматы,
Өз көркіне өзі мастана,
Маңайын ұрмас бас қала.
Құшағыңнан итерме,
Бермесең де баспана.

Туған жер!
Топырағыңнан жарадым
Ерте көктем бәйшешегің бола алдым
Адыр-бұдыр сай-төбенде еркелеп
Жынды желге тоналдым.

Туған жер!
Сен едің үміт артқан көп
Тауқыметіңді тартқам жок,
Төсінде сенің бабамның ізі қаңғырған
Анамның сөзі жаңғырған.

Айналайын киелім!
Жер бетінде саған тұрақ тең бе екен?
Әлде,
Туған жерің — жұмақ жер ме екен?!

Саған асқан сағынышты баса алман
Парызымнан қаша алман.

Туған жер!
Топырағыңнан жарадым
Кіп-кішкене ақын қызың бола алдым.
Құпиясын құм жасырган қойныңда
Сағымдармен жоғалдым.

Туған жер!
Айныма осы қалпыңнан
Жусаның жұпар мен үшін артық,
алтыннан
Махаббат мендік өзіңе мәңгі өлмейді
Алса да тағдыр алқымнан.
Туған жер!

МАҢҒЫСТАУ

Маңғыстау!!!
Сағынып сені келгенде
Сағыныш-қолын бергенде
Шабыт моншағын тергенде
Өзің арнап ғапыл-жыр
Ғасыл-жүректен өргенде
Ғазиз жандардың орнына
Алдымнан шықты бір үміт
Артынан еріп мың мұны,
Кеүіп қалған тым ындыны
Жауымдай менің бірігіп
Жеңілер одан бір демде
Болса да қанша ірі үміт.
Аңсап бір сені жеткенде
Өшің бар ма әлде тек менде?
Несіне маған түйілдің?
Ашу-толқынды үйірдің
Жағанда жазған жырымды
Ақтарған әзиз сырымды
Лақтырып неге күйіндің?
Маңғыстау,
Айтшы қайғынды?!
Білем дегенмен жай-күйді
Жаралып сенен өскен бір
Топырағынды кешкен мың
Күйкентайдай құсың ем
Он жеті жаста ұшып ем,
Бір арманның соңында
Бағаңды сенің асырып,
Жоғынды жым-жырт жасырып
Жел-дауылдарда тоңдырып,
Жауын-қарларда домбырып
Өзімді саған байлағам
Өзіңсіз өлең, қайдагы ән?!

Маңғыстау!
Адайдың арқар даласы
Каспий құшағында қаласы
Әрлігі асқан баласы

Ешкімнің жоқ таласы
Бүгінгі қандай тірлігің?
Қайда кеткен бірлігің?
Қол салған саған кемде-кем
Бір шаршы жерін бермеген
Қайран да, ата-бабалар,
Аруағыңа тиді кім?
Маңғыстау!
Бекеттің бақтай мекені
Қара алтынды сапырып,
Құштарлығы ақырып
Ұлт пен ұлыс күн кешкен
Бірін-бірі шақырып
Каспийдің анау шетінен
Иманы тамған бетінен
Дегенмен жұмбақ-тақырып.
Маңғыстау!
Ұқытыр халінді?
Қинамай менің жанымды
Азабыма қандың ба?
Ағызамын қанымды
Сен үшін өртеп тәнімді.
Айтарым осы алдыңда.
Маңғыстау!
Сындардың тозағынан
Жылдардың мазағынан
Аман қап келдім саған
Ғұмырды бердің маған
О баста таза мұндан.
Жолымды көрем сара
Қолымда — өлең ғана.
Маңғыстау!
Мәңгі тау, менмен теңіз
Парызым өтелмеген
Қарызым кетер ме екен?
Ақ сезім аңтарылған
Қасірет қаңтарылған
Өзіңе ақтаруга
Өмірім жетер ме екен?
Киқымдай бақ, табуга.

Тамызда наитын оралышы

Шерқала-шерім менің
Ен дала — жерім керім.
Маңғыстау!
Шығар мұңынды
Кімдер ол алған тынымды?
Солайша құртқан құнынды
Сен үшін көкті кеземін
Жауынды шоқпен еземін
Тек қана айтшы шынынды?
Маңғыстау!!!

Алғашқы тапсындар

ЛІБІЛ ҚАДЫМЫР

ФОНДА ЖЫЗДАЛАЩІ

ЭЛІНДЕ ҚАДЛОТ ІМ

НІБДИКІМДЕР ВАЙІ

ВО НІБІДОК ВІЛІ

ЕРНІН ҰРДЫНДЫР

АЛЫСТАР СОУАС НІТКЕДЕЖ

АУҒАН ЖАУЫНГЕРЛЕРИНЕ

Гиндикуштың шыңдарында сұрланған,
Қалды сендік ұлы үміт пен нұрлы арман.
Кімнен құнын сұрайын мен айтшы дос,
Жастығыңың сол жылдарын үрланған?

Таңғы дабыл,
Қаңды шабуыл есінде,
Өмір үшін тартысты олар төсінде.
Сағынышты сәлем хатқа сыйғызып,
Ақ сезімді сөнген оттай өшірген.

Қарамастан жауындар мен салқынға,
Күтті анасы жалғыз ұлын алтындей.
Тұған жердің топырағы бүйірсын,
Әзиз Алла, амандық, бер мәрт ұлға.

Мұнды Кунар,
Әйгілі асу Саланга,
Сан жолдасы жан тапсырды алаңда.
Қыршын кетті қылышылдаған қырандай,
Жанаарға емес, қайғы толды санаға.

Ерлік күткен елі қайда сормаңдай,
Батыр жүрек ажалы ма, қорған ба?
Дүниенің жалғандығын ұғынды,
Хас ғұмырлар жас желектей солғаңда.

Ауған жері,
Тауда желің ызғарлы,
Далаңда да бір қатыгез сыз бар-ды.
Көкірегінде өмір сүріп жүрсің сен,
Сүйгендері оралмаған қыздардың.

CAMFA САҒЫНЫШ

Самға қарай самғасам ғой сағыммен,
Енді ешқашан оралмасам қалаға.
Ермесем ғой сайқал жемқор ағымға,
Көрмесем ғой адамдарды алаған.

Самға жетсем араласып желменен,
Құмға көміп бар аяулы сезімді.
Махаббатқа қолды бір-ақ сермер ем,
Қадірімді білмей жүрген кезінде.

Тыныштықтың тәтті дәмін татсам ғой,
Шабытыма шырқыраған тұн ие.
Ешкім көрмей, дымды білмей жатсам ғой,
Дағдарыстан дал болса да дүние!

* * *

Сам құмы, сағындым шаңынды,
Балалық шағымды бал үнді.
Ертегін әжемнің нанымды,
Сен жайлы тақпакты жалынды.

Кезсем де, көрсем де өлке көп,
Дәл сендей сүймедім шағылды.
Күлмендім, жүрмендім еркелеп,
Іздең те көрмендім бағымды.

Сам құмы, сағындым төбенді,
Ой-қырды ізіндей түйеңнің.
Сезгенім, сенгенім көп енді,
Айтарым — өзінді сүйемін.

Сам құмы сағындым сазынды,
Жазынды, көктем мен күзінди.
Жанарды жайсан жүз, наз үнді
Он алты жасында үзілген.

Мелшиіп сырыңа бекемсің,
Не ойлаң жатырсың бүтін сен?
Сен мені таныр ма екенсің,
Құмында құлындаң жүтірсем?!

Тамырда қайтып орамсыз

* * *

Туған жерім шақырып қоңырлардан,
Талпынамын жаңдай бір бағы ашылған.
Онда — әлемдік мейірім шоғырланған,
Онда — менің сүйікті анашым бар.

Тұғі де жоқ қызығар жалпақ дала —
Әр жерде бір бәйшешек қылтияды.
Сағынышым жүрекке салмақ қана,
Шын махаббат тереңде бұлқынады.

Құмды дала жәйін жұрт біле ме екен?
Соқса асай жел таңданба бұл тосынға.
Еркелікке келтелік жүре ме екен,
Шын ұнатқан бір бала ол да осында.

Батасы бар мұнда өсіп, үйленгеннің,
Таң шапаққа сәріде шығып қара.
Мен сүюді даламда үйренгендімін,
Ал жылатып жүрген ол бұзық қала.

Кей адамның дүшпанын білгенімен,
Далам жұртқа жаяды шапағатын.
Мені Алматы ғашық, қып жүргенімен,
Маңғыстауым — өзіңсің махаббатым!

ЕР ШОТАН

I тараяу

Адайдан туып, Алашқа болдың әйгілі

“...Шотанның жоңғарлармен соғысқанда екі қапталында екі жолбарысының бірге жүріп оқ, басқа да сілтенген қаруларды қағып, дарытпай отыратыны алғаш рет Аңырақай шайқасында Қабанбай батырдың ғана көзіне қөрінген-ді. Сол кезден бастап Шотанды — Қабанбай батыр өзінің тутан інісінен бетер іш тартып, ағалық, құшағын ашып тұратын-ды...”.

*(Бектұр Төлеугалиев, “Бас сардар”
кітабынан)*

Ел басына күн тұғанда
Сұр жебені тағынып,
Жолбарыс тон жамылып,
Хас ерлікті сағынып,
Кеудесінде күндіз-тұн
Намыс деген аң ұлып,
Тек тәңірге бағынып.
Нағыз ерлер атойлаап
Аналардың жасы үшін,
Ақ қыраулы шашы үшін,
Ерте жерге домалап
Тұскен ердің басы үшін,
Тұған жердің тасы үшін,
Қолына найза алады,
Ұрандалап алға шабады,
Атамекен жер үшін,
Оған төккен тер үшін.
Жоңғар менен қалмаққа,
Елдің кегін алмаққа
Нағыз ерлер шыққан-ды.
Соның бірі сен едің,
Ер Шотаным, еренім.

Тамырда қайтып оралышы

Бейбіт күн қалып арманда,
 Жау жан-жактан алғанда,
 Ақ ордасы ананың
 Қаңырап босап қалғанда.
 Жан қалқасы ағаның
 Аңырап жасып жалғанда.
 Жоғалтқанда жан жарын,
 Қолына алып қанжарын,
 Атойға салды хақ ерлер,
 Соның бірі сен едің.
 Тастанай туын қолынан,
 Арландай жауын торыған,
 Кезіккен дұшпан сау қалмас
 Өзінің көрсін сорынан
 Бір уыс топырақ соңынан.
 Талайы естен танды да,
 Мәңгілікке көз ілді.
 Ал қалғаны алдында
 Не істесең де, өзің біл.
 Кетсе де жағдай ушырып
 Жоңғарды қудың, қусырып.
 Тізесін бүгіп, бас иіп,
 Жатыр алдында аш, үйып,
 Ер Шотаным, еренім.
 Шошынбай Аңырақай зарынан,
 Жолдасы жолбарыс, жауы — адам.
 Көзін шел қаптаған, айырылып арынан,
 Бөтеннің жеріне қол салған дұшпанға
 ұмтылдың.
 Жолында жатты өліп сүм түрлі,
 Өрлігің жанардан жасын боп атылды,
 Бұрын-соң біздің ел білмепті дәл мұндай
 батылды.
 Найзағай үрганда дір етіп көрмеген,
 Фасырлық тасырдан өлмеген,
 Далам да көтеріп еңсесін —
 Сілкінді лақтырып қайғының белшесін.
 Жалғанға келіп жәй күні,
 Арманның асып айдынып.

Қара бұлттарды қақ жарып,
Аспанда анау бақ жанып,
Адайдан туын Алашқа болдың әйгілі.
Жұлдыздар сансыз жығылып,
Жер осалдығын ұғынып,
Сапарларына үлгермей,
Бақыты әлі түр келмей,
Күй кешті мұндай бар қазақ,
Кеудесін керген зар қажап,
Сен елім деп өртеніп,
Кеуденде намыстай дерт еміп.
Жауыңды жойып жарадың,
Адайдың туын қададың.
Жеті жұрт келіп, кеткен жер,
Үш қиян өрттеген өткен жер.
Маңғыстау деген мекенде,
Бір өзі маңғаз жеке елдей.

II тарая

Мен қайтарам кегімді...

...Шотан бастаған Адай жасақтарының жүрген жерлері жайрап қалып жатты. Күн бесінге таянғанда қалмақ қолдары быттырап, бөлек-бөлек қаша бастады. Осыны байқаған Шотан қалмақ қолының негізгі бөлігін қоршауға алды. Көп үзамай қоршаудан оншакты қалмақ жауынгері шығып, жандарын қалдыруды өтініп, жан сауғасын сұрады. Шотан Абылайға қарады. Абылай Шотанға:

— Жауды жеңген сіз, билік жеңген адамның қолында болуға тиісті, сондықтан да шешімін оздеріңіз, Ералы сұлтан екеуіңіз аласыздар, біздер сіздердің алған шешімдеріңізге ризамыз, — деді.

(Бектур Төлеугалиев, “Бас сардар”
кітабынан)

Тамызда наитын орамшы

Аш бөрідей түйіліп,
Жасың-кәрің жиылып.
Қарындасқа қол салдың,
Еркелер қасы қызылып.
Жан-жақтан нақақ анталап,
Екі көзің қанталап.
Тұған жерімді таптадың
Төсін шүйгін балталап.
Айдың күні аманда,
Гүлім саған сабан ба?
Менің ғазиз даламды
Тулақ еттің табанда.
Төске өрлең баrasың,
Қасқыр-дүлей қарасың.
Сенің найзаң өлтірді
Ананың жалғыз баласын.
Сәби сенен кем бе екен?
Ана сүтін ембеген
Ару әлі қарап түр,
Шымылдыққа енбеген.
Атада үміт қалмады,
Сенімнің жоқ салмағы.
Мейірімнен жүрдайсың,
Аманаты Алланың.
Тәңір кінә тағар ма?
Машқарда жан аларда,
Аспан теріс айналды,
Жауыздықтан жанарда.
Жетім, жесір елде көп,
Сан мәрте аттың пендеге ок,
Ізгілікті күл еттің —
Имандылық сенде жоқ,
Айтарым жоқ жағымды,
Ашу бойда қағынды.
Ажалыңмен қауышқын,
Быт-шыт етем бағынды.
Сал, қонғасу әніңді,
Шығарамын жанынды.

Анар Шалмышадинова

Мынау болат найзамен,
Ағызамын қаныңды.
Білгің келсе тегімді,
Елім — Адай ер үнді,
Шотан деп ат берілді.
Сен соңғы рет демінді ал,
Мен қайтарам кегімді.
Атам — Мұңал, Жарымын
Санамда жоқ сары мұң
Тәуелсіздік — арманым.
Дабылындаій адалдың,
Әжібайдан бата алдым.
Қайырымнан құр қалған
Карғыс атсын қаталды.
Деп найзасын көтерген,
Ойы қашты төтеннен.
Иә, иә
Болмаса?!

Қараң батыр, кет елден.
Елдік, өрлік тірегі,
Жалғыздықта жыр емі.
Арқыраған батырдың,
Нәп-нәзік-тін жүргегі.
Ар-намысы — Құраны,
Құраны — оның ұраны.
Ал, ұраны — ізгілік
Адамзатпен тұр әлі.

*Тамыздың 28-і, 2005-жыл,
Үстірт, Сейсем Ата қорымы.*

**Сен мәңгі
бол, қара
өлең**

* * *

Бір бақыттың таба алмастан сынығын,
Көңілімнің ылайладым тұнығын.
Мен Аллаға адал едім, амал не,
Тағдыр жиі салды диуан құрығын.

Бір күлкіні іздең жүрмін қақырап,
Жақсылықпен бітсе болар ақыры.
Өмір ескі суреттерден тұрады,
Өлеңіме бәсіре мұң тақырып.

Бір азаптан құтылмадым жанымда,
Құтқармады сүйгенім де, жарым да.
Тұрақ таптай жырақ, кетсем адамнан,
Құшак жайып қарсы алмайды қорым да.

Бір сезімнің мейіріне қанбадым,
Ернім қыршып, тістелсе де бармағым.
Ақ көрпеде азабымды жамылдым,
Ақ қағазда ақтық, сырлар жандагы.

Бір арманға асырып ем жасымнан,
Жолда талай жылап, күліп, шошынғам.
Қара өлеңге сеніп жүрмін құдайдай,
Не болар- ау,
Не шығады осымнан?

• • •
Қайғы мен шаттық жарысып,
Жақсы мен жаман алысып
Зулайды уақыт.

Арманым күліп алдайды,
Жалғанды күдік жаулады
Басталмай жатып.

Бұйырған сыйым кетпейді,
Тәңірге үнім жетпейді
Мейірім — жақұт.

Махаббат оты жанғанда,
Құмарым сірә қанған ба?
Таба алмай бакыт.

Кұлазып кештер батса да,
Жұлдыздар жылап жатса да
Алдамас арман.

Үмітті үзе көрмегін,
Салса да мұндар өрнегін
Баса бер алға!

Бақытың — бес күн тірлігің,
Мәңгілік өмір сүрді кім?
Өтеді жалған.

Лапылда, жүрек, лапылда,
Жанартау болып атыл да
Өлеңім, самға!

Тамырда қайтып сағышы

• • •

Ақындарым әкім құған заманда
Әкімдерім даңқын жуған қоғамда.
Бал таңдаған талтаңдап жүр жамандар,
Табиғат тұр,
Ауа жетпей оған да.

Баспана жоқ, асханада шәй ішіп,
Соңғы теңге даяшыға бұйырар.
Жүйке жұқа, жүрек мұңдан майысып
Жас тас болған осындауда құйылар.

Бастығымның бабын тауып біреулер,
Шашты құнды байлығымды екінші.
Қазағыма қайыспайтын тіреу бер,
О, тәңірім, қасқа ұлды кешірші.

Билігімді беріп қойдым қолдағы
Кім шешеді елдің жәйін, ертеңі?
Тұған жерге жақын ешкім қалмады,
Ақындарды айналдырган келте мұн.

Тәуелсіздік туым желпіп қолымда,
Ата-баба орындалды арманы.
Дегеніммен не қалады соңымда?
Тілім-тулақ,
Салтым — салак,
Садақа кет қалғаны!

Табыс таппай, пайдам болмай еліме,
Атауы жоқ, көшелерде сенделем.
Маңдай терім төгілмесе жеріме,
Неге жүрмін акын деген кеудемен?

Бақыт қайда?
Дауысым қайдалаған?
Бәлкім барып қайттым да қасына мың?
Алатаудың ақ төсін аймалаған,
Қара тұннің тығызып шашына мұң.

Сағынышты шыдамға сағалаттым,
Бәлкім, бақыт шабыт бол желбіреді?
Сілекейі шұбырып қанағаттың,
Шодыр бұлтқа ағаштар телміреді.

Арзан бақыт жоғалды талайы кеп,
Арманымды ақылым тергемейді.
Құлың болып қаласаң қалайын деп,
Ақ жаңбырға көк жусан еркелейді.

Үміт өліп тағдырдың табағында,
Сонда жаман пиғылдар шырайланып.
Бар бақыты-теніздің қабағында,
Кете алмайды шағала шыр айналып.

Ертегінді еріттес тәмамда елес,
Ләzzаты өмірдің — сандығында.
Қоғамда емес, адамда, заманда емес,
Бар бақытым — қара өлең хандығында!

* * *

Жалғыздық жанымды жаулаған,
Тәнімді басынған.

Досым жоқ мейірім аулаған,
Қасым көп тарыдай шашылған.

Жалғыздық
Күнімді билеген,
Тұнімде — әміршім.
Мақсат көп, қол ұшым тимеген
Арман жоқ, тек қиял тәңірсің.

Жалғыздық келсең де тау асып,
Мен саған оп-оңай көнем бе?
Тірлігім — мәнісі, дертімнің — дауасы
Тек билік етпессің өлеңге.

• • •

Төлегендей ғашық болмай кетесіз,
Тіршілікті қимай-қимай аттана.
Қызы Жібектей сүйем десем нетесіз?
Көзім нұрлы, ал шаштарым қап-қара.

Төлегендей тәнті еткен едіңіз,
Тамылжыған тамыздың бір кешінде.
Ен даға не бақ іздеп келдіңіз,
Тәңір тәтті тілегімді кешірме.

Дүниеге тек сіз үшін келдім мен,
Деп жүргенде мұнда біз.
Сағыныштан шөліркеген ерніммен,
Жыр оқысам тындаңыз.

Қызы Жібек мұң тұнып қалған жанарым,
Қарт Каспийдің жағасынан ынтығып.
Сізге өлердей ғашық болып барамын,
Қасіретім — қара өлең бол бұлқынып.

* * *

Шағынбайын шалқымаса кемелім,
Сағынбайын әрі қашса дегенім.
Азабыңды, мазағыңды көтерем,
Бағымдайын сен аман бол, сен елім!

Асыр салған таң көшінде мен балаң,
Ғасыр бар ма нән төсінді ембеген?
Һәм жаһанда сенен артық, жұмақ, жок,
Сен тыныш жат, сен тарылма, кең далам!

Болсын сорым көбірек те аз бағым,
Қалсын бір күн саған өлең жазамын.
Жырлаудан да, мың даудан да қашпайын,
Сен жасай бер, сен өлмегін, қазағым!

Күнім менің көңілімдей жаралы ең,
Мұңым мәлім мен түбінде дара өлем.
Бар бақытқа, сан жақұтқа сатпайтын,
Сен мәңгі бол, қазақ тілі, қара өлең!!!

* * *

Кешір мендік
Сағынышты сабасыз,
Жыртық әнді жағасыз,
Сезімімді бағасыз,
Төзімімді шарасыз.

Кешір, мені
Күткенімді қас қақпай,
Жаным қажып, ас батпай
Көңіл назын бұрымды
Тақырыпсыз жырымды,
Жатқа оқыған асқақтай.

Кешір менің
Тым жылауық затымды,
Жетпей қалған хатымды,
Күнәдан пәк болғанмен
Тіршілігі толған мұң
Ақын деген атымды.
Кешір...

Θлең!
Тек сен тастай көрме.
Мені.
Одан жастай өл де
Жеріп.

Θлең!
Тек сен алдай көрме.
Жалынам.
Батып қалмай көлде
Шық, көзімнен
Жарық, ән!

Θлең!
Тек сен мені ұмытпа
Өтінем.
Сенсіз тіршілік, жүрт та
Керексіз деп кетіп ем.

Θлең!
Өмірімнің мәнісі ең...
Сен көнсең.
Сенсіз мұндай қан ішем
Өлгенше.

* * *

Жалғыздықтан жабыққан сәттерімде
Сағынышым сабырдан шеткеріде,
Армандаимын.
Тағдырым тар маңдайлы
Мені ұмытып шынымен кеткенің, бе?

Сезім түгіл тұрган жоқ төзім де оңып,
Қайғы біткен жас болып көзімде өніп.
Адалдығым бәлкім ол қаталдығым
Өз ойымнан опық жеп, өзім тоңып.

Бұрылмадым сүрініп жылап алып.
Жырларымның жүрегім-тұрағы анық,
Жалғыздықтан жабыққан сәттерімде
Өлең, мені аймала тұра қалып.

Тамызда қайтып орамышы

Мұқа,
Менің жырларымды балапан,
Сен оқысаң, не дер ең?
Қара бастың қамын ойлар қарақан,
Пенде болсам?!
Жебеме!

Ақынмын деп есірсем,
Киу қашып, сөз мәйегін жоғалтып,
Қара өлеңнің құдіретін кетірсем,
Мұқа, мені қарғыс атсын со қалпы.

Мендік өмір — жыр жазу деп ел жайлы,
Еңбек етпей, күнде өткізсем кеш жиын.
Өлендердің сезімім мен сен жайлы,
Мұқа құны бес тыын!!!

• • •

Шошаңдаған шабыт маған ыскырып,
Өмірімнің айналғандай мәніне.
Мен де ешкімге қарамаймын пыскырып,
Қымбат көйлек жарасады тәніме.

Өлең деген қасын керген керім бе?
Тек өзі боп маңымда көз ілгенім.
Маңғыстаудай маңғаз туған жерімде,
Өр адайлар көріп, өсіп, білгенім.

Алматының көшесінде мұнданам,
Ал адамдар дым сезбейтін асыққан.
Тек Алатау биіктігі шындаған,
Аласармас қалғанынша қасық қан.

Бірде арманым биігіне шығар мың,
Киын, қыңыр болғанымен жолда аса.
Қазақтың бір ақыны боп шығармын,
Бекет бабам қолдаса.

* * *

Сен барсың.
Жоқ менде арман.
Басымды қатырма, шық елес!
Тіршілік еткенім, құмарлық арсыз
Біртұтам опасыз жалған,
Бәрі де түк емес!

Құштарлық, бар менде,
Жоқ төзім.
Мен де бір қайырға зар пеңде
Шоқ сезім.
Әмір бар астасқан
Әліммен.
Көңіл жоқ, қастасқан
Көңілмен.

Жоқ менде уақытт,
Анам да шарасыз
Көнem.
Бар менде бақыт
Бағасыз.
Әлең.

Аспан алыс, бет-ажары жабық күн,
Аяз гулеп елшісіндей тамұқтың.
Соңғы кезде сезім түгіл мен тіпті
Өмірімнің өзінен де жалықтым.

Айналаны аппақ суық, қар жапты,
Жыр жаздырар күздің күні тарқапты.
Бақытың да, жақұтың да қажетсіз,
Санаспайтын сағыныштар шаршатты.

Асая өлең тастап кетті, жаяумын,
Жан мұңымды енді кімге жаярмын?
Құрсын бәрі, шындығы жоқ шырт өмір,
Тұншықтырып, таусылуға таяумын.

Өзің болсаң жүрсің әлі шалғайда,
Жыл құсынан хабар берсең болмай ма?
Дымды ұқпаймын ұғындырар біреу жоқ,
Бақыт қайтып босағама қонбай ма?

Қыттымыр қыс, бала кептер қорексіз,
Айқын бәрі, тек сен ғана дерексіз.
Адалдығым Алла білер кім үшін?
Сүйгенім де, күйгенім де керексіз.

Үмітімнің үзілді ме жолдары?
Осы ма екен ғұмырымның солғаны...
Тағдыр мені отқа таста, суға сал
Қара өлеңнен айырмасаң болғаны.

СЕГІЗ АЯҚТЫҢ ІЗІМЕН...

...Анадан алтау,
 Атадан төртеу
 Жалғыздық, көрер жерім жок,
 Ағайын бек көп,
 Айтайын ептең,
 Сөзімді ұғар елім жоқ...

Барап жерім жоқ,
 Қарап елім жоқ
 Нән қалада қаңғырып жүрмін.
 Досым жоқ, даналы,
 Қасым көп саналы
 Мәңгіріп түрмyn.

Адамдай панасыз,
 Мараңдай анасыз
 Сағынған кең даласын.
 Сыр айттар халім жоқ,
 Шын айттар зарым көп
 Өлеңім,
 Жалғыз дос сен ғанасын.

Жанарда жас жатып,
 Бас қатып
 Күлкім де қоштасты жел тілек.
 Мұңыммен мазасыз,
 Түріммен шарасыз
 Абайда жүремін тентіреп.

Хақым жоқ, бақытқа
 Ақындей
 Шуақсыз жыр туып шабыттан.
 Ертеңі белгісіз
 Тентегі бергісіз
 Қазақтың мен деген бір қызы
 жабыққан.

* * *

Ардағым қашып,
Арманым жасып
Алданып жүрген шақтарда.
Өлеңім тілсіз
Көмейім ұнсіз
Көмілем ойға бактарда.

Қинаған өмір,
Қимаған көңіл
Тілегім ұшып желменен.
Шабытым қашып,
Табытым ашық,
Күттірген көптен келмеген.

Үзілер үміт,
Тізілер құдік
Шашылып шыңдық, далаға.
Шапағат жырак,
Махаббат сұрақ,
Жаздан соң қыс кеп қалаға.

Түк қалмай бойда,
Жүк толды ойға
Арманға сеніп кекілді.
Бақытты аңсап
Уақыт та шаршап
Күндерім біткен секілді...

СЕРИК ТОМАНОВКА

Мұқаңдар жоқ, Абайлардың соңында
Кеткен мәңгі қаламымен қолында.
Тағдыр бақтың бүйіртпады бірін де
Сені де, Аға, көре алмадым тірінде.

Көре алмадым шабыттанған кезінді
Ақ, паракқа актарылған сезімді.
Мен білмедім, сені мұңның құшқаның
Тіршіліктің тарықтырған тұстарын.

Мен білмедім, алдамшы үміт маңданып
Сенің оған күн кешкенің жақданып.
Бәлкім, солай бақтың да кешігіп
Сен асығып жаптың өмір есігін.

Өкпелемей бес күн жалған фәниге
Бірді әкетіп, бірді әкелер әр үйге.
Сен жырың оқылғанда ұйып таң
Тұн жымияр өр күлкімен миықтан.

Сен кеткенмен дүние өзгермеді
Қала, дала, жұрт аман өз көргенің.
Ақындар жүр алысып сезімменен
Ал, арулар жоқты аңсап көз ілмеген.

Тірісінде мұңдарды өріп кілең
"Тағдырынан алданған — дерсіз бір мен".
Өлеңінді көзіндей көріп жүрем,
Кешір аға, өмірді сенсіз құлген.

АМАНҚОС МЕРЕЕВКЕ

Мен сүйемін алып Күнді төбемде
Күйдіретін шілдеде.
Аспанымды ауа қармап өбем де,
Түнді құшам кәжекейін ілмеген.

Мен сүйемін дархан, дара даламды
Оған теңеу таппадым.
Әкемді – ата, келін еткен анамды
Ұмыттырып тақпағын.

Мен сүйемін тауларымды тұксиген
Жақындарасаң, ададдықпен, кел сертпен.
Анау кәрі қарагайды бұкшиген
Талай дауыл теңсeltкен.

Каспий, сені сүйем десем, ұнай ма?
Толқындардан көрінбей тұр көлемің.
Мені көрсе, қуана ма, жылай ма?!
Секіреді біліп-тұрып өлерін.

Мен сүйемін мынау тұған жерімді
Менің жұмақ мекенім.
Мейлің, бақыт атаулысы жерінді
Күлкім алып секемін.

Мен өлгенше сүйем оны, жалықпай
Бір минут та тоқтаман.
Сүйіп болсам, бет-пердемді танытпай
Тек ажалға оқталам
Онда тірлік жоқ маған.

Қазақ еткен тілімді де, өңімді
Тәңіріме тәубе етіп бас иемін.
Қалдырса да, қаңғыртса да көнілді
Мен өмірді сүйемін.
Мен сүйемін өмірді.

Тамызда қайтып оралышы

* * *

Көзімді шаттықпен жуғанмын,
Басымды миллион ой жегенмен.
Бекеттің жерінде туғанмын,
Дәм татып мейірім дегеннен.

Эйелмін.

Тағдырдан бұл жазам?
Бағына өзгенің жадырап.
Абайдың тілінде жыр жазам
О, тәңір, басқа арман адыра!

Еркемін, өктем де шығармын?
Ашуды кейде тез сұлатып.
Шәмшінің әніне жыладым,
Бір қазақ жігітін ұнатып.

Нәзікпін. Тұранdot емеспін,
Өлеңмен тірлікте екеумін.
Өмірдің мұндарын жемес кім?
Бәрібір бақытты екенмін.

III-бөлім

Мен саған ораламын

* * *

Жоғарының қалыс қалмай жарлығы
Өзен ағып, желмен билер қоғалар.
Ең бастысы, әке, сенің барлығың,
Мұнды күндер бірде әйтеуір жоғалар.

Кейде нөсер төгіледі аспаннан,
Түсініксіз жерді сүйіп, соғары.
Аңыздан да, жырлар менен дастаннан,
Әке, сенің парасатың жоғары.

Қиял қуып ақылымды төрінен,
Арман, үміт, жүрек болып үш тірек.
Сезім, достық, құштарлықтың бәрінен,
Әке, сенің махаббатың құштірек!

Бүгінгі күн өсірмей ме мерейін,
Дүниенің нәзіктігі қалмапты.
Жастығымды, шаттығымды берейін,
Аман болшы, аман жүрші ардақтым.

* * *

Ана!!!!
Сен деген
Ең ұлы адамсың.
Жеңбекен
Ешбір мұң, тәмам сын.
Мұң түтіл, қайғы да енбекен,
Тек бақыт лайық, қамалсың.

Сен деген
Ең көркем әйелсің жердегі.
Тең бе еді?
Қылышың – жұлдыздың ермегі.
Фажайып ән-күйдің өзі де,
Жетпейді күлкіге сендеңі.

Сен деген
Мейірім бағысың.
Зердеде,
Ақылды айтпасам тағы сын.
Сабырды сап-сары сақтайсың,
Жүректің жайлаташың.

Сен деген,
Өмірдің мәнісің,
Тербекен
Көңілдің шәлісін.
Перште кейпінде күлесің,
Перзенттің пайымдаш әр ісін.

* * *

Күнім — табылмаған жан тұрағы,
Жырым — үйқысыз тұн сандырағы.
Тек сен аман, ғұмырлы бол,
Ұлым! Өмірімнің шамшырағы.

Мұным, қанатыңды қағайын ба?
Сырым ашылғанмен ағайынға.
Ешкім мені түсінген жок,
Ұлым, сен де болмай маңайымда.

Күнім, шаттыққа сан көмейін бе?
Үнім, тұншығады көмейімде.
Жалғыздықтан жапа шектім,
Шыным, таудан құлап өлейін бе?

Сені ғана қимай қалам,
Мені итерген мидай ғалам.
Өгей қызы туған елдің,
Жөргегіне сиған қалай?

Таңды күтем, бақыттысы бір атардай,
Жаңды күтем, сезімі асып ұнатардай.
Өлеңімді мақтаған жұрт,
Неге итеред, құлатардай,

Ұлым — тірлігімнің шамшырағы,
Шыным, сағыныштан қалжырадым.
Сенші маған, мән бермегін,
Жырым — жалғыздықтың сандырағы,

* * *

Сауық салған салдақы сазы мықты,
Дүниеден баз кештім кешір, ана.
Маңдайымда сорлар мың жазылыпты
Мына өмірге әкелдің несін ғана?

Арманымнан адастым иманы үстем,
Таңдарымда жасырып күн жарығын.
Қайратым да таусылды жиған күшпен
Өзді-өзімді жарытпай өз жарығым.

Откен әрбір күніме өкінемін,
Кешір, ана, сал басты сағынышты.
Ақырет күн жалынам жекімегін,
Ақтық жырым акқанат қағып ұшты.

Жырым қалар, айтылмай әнім қалар
Қайғы қаулап жап-жасыл құрағымды.
Жаным ұшып, жер менің тәнімді алар.
Мен солайша өзгертем тұрағымды.

Менсіз әлем білемін ұнамасын,
Өлу оңай, лап етіп жансам кенет.
Қабіріме гүл егіп жыламашы,
Кешір, ана, кешкенсің қаншама рет.

• • •

Тал бойымды тондырып таң ызғары,
Қайталанып тағдыры сан қыздардың.
Сағындырмай, ешкімді сағына алмай,
Аға, бүгін тағы да жалғыз қалдым.

Арман алыс, қиялым қанатында
Тарлық көріп, талантим, тағатым да.
Жиын түгіл, жылауга шамам келмей,
Дем аламын тірінің санатында.

Аға, менің сезімім сарқылғандай,
Сезімдерсіз ертеңге нарқым қандай?
Тұкпірінде кеудемнің тыптыршиды,
Жарым үміт жарыққа талпынғандай.

Тұсінбеймін өзгені, өзімді де,
Кермек мұңым кеңістік сезінді ме?
Фашықтық пен құмарлық адыра қап,
Құдай үшін қанағат көзінді ілме.

Жалғыздықтан соншама шошынамын,
Таусылардай өлеңім, тосын әнім.
Айналамнан алданыш таптай қалып,
Ұлы көштің шаңына қосыламын.

Көкте күннің бешпеті ағытылды,
Құптағандай шаңқайда шабыттымды.
Қайдан ғана іздеймін айтшы, ағажан,
Әлі күшүп көрмеген бақыттымды?!

Бағзы үмітпен өзімді құр алдаймын,
Көңілімді басқага бұра алмаймын.
Өкпелеме, ұрыспа, сөкпе, мама,
Бірақ, олсыз мен мұлде тұра алмаймын!

Армандарсыз бұл жалған бос екен фой,
Сенім деген адамның досы екен фой.
Жалындырар, табынтып сағындырар,
Сүю деген, жан мама, осы екен фой?!

Тәнім теріс тағдырды жекірді де,
Мәңгі сезім бойыма бекінді ме?
Құшағыма кей кездे ұмтылады,
Ол да мені қалайтын секілді ме?

Үндемейді, кейде ұзақ аймалайды,
Түнереді тек ашу бойламайды.
Шақырса да, соナン соң ақырса да,
Олсыз менің ғұмырым жайнамайды!

Шабытының ол берер алмасы көк,
Жібереді кейде еркін самғашы деп.
Мен өлеңді өлгенше сүйем, мама,
Өмірімде соңғы да алғашқы рет!!!

Мұңдан қашпан жеңе алмас
Фашықтықты қайтаратын дәрі бер.
Маған ешбір тәуіп көмек бере алмас
Сағынышты тарқата ма дәрігер?

Жаңа гүлдеп өмірімен түңілдім,
Бақыт алдаң қашқақтайды әрі-бер.
Тәнім бүтін, көкірегіме үңілдім
Жанымды емдел жаза алмайды дәрігер.

Махаббаттан алданым
Құрбан болып қайталанбас шақтарым.
Үміт үнді шыққанымен алдан мың,
Адасады арман құшар ақ, таңым.

Мен егілсем, дүрмек дүние қыңбады,
Көңіл суып, тәнім суық әбігер.
Жасымды сұрт, өлеңімді тыңдағын
Мама, маған шақырмағын дәрігер...

Тамызда қайтып орамсы

• • •

Ақындыққа о бастан-ақ бекінгем,
Өлең — өмір, өлең — менің тағдырым.
Енді ешқашан ештеңеге өкінбен,
Жүргегімде бар ғой менің ақ жырым.

Сағынышпен қоныстанған кеудемде,
Өлеңімнен басқа түк жоқ, жыламан.
Айлы тұнды есіңе алма ей, пенде,
Бақыт сұрап қайғы-қасірет құраған.

Көктемеде кербез күйді кешкенмін,
Шабыттыммен бірге шалқып көнілім.
Әке, сенің үмітіңмен өскенмін,
Қалай ғана мұңға толды өңірім?

Сан сүріндім Бекет қана сақтады,
Тәңірім де тауыспады тұзымды.
Әке, сенің арманыңды таппадым,
Кешір жырга жанын берген қызыңды...

* * *

Жазғыра көрме, жан ана,
Жазым бассам жаңылып.
Сөулесі түспей санаға
Жастығым өтсе қағынып.

Кешіргін мені шақтарда
Сезімге қалсам байланып.
Сүйгенім үшін ақталман,
Оралам саған айналып.

Басыма қонған береке
Қашырсам өзім бетімен.
Жусаны жебер өр мекен
Ашар бағымды жекімен.

Өлтірмен соңғы үмітті
Қолымда барым жалғыз-ак,
Арманға сеніп жүріппін
Ынтызар ерін, бал құшак,

Мәртебемді өлең өсірер
Шалқытып шабыт ен дала.
Қайырымды Алла кешірер
Кешірсең мені сен ғана.

* * *

Мама!
Мен бәрінен шаршадым.
Әл бермес әрнені аңсадым.
Жылатпай жұбатшы, жалынам
Көзімнен жас емес, тамса мұң.

Шаршадым, жабайы сезімнен
Тас емес, таразы төзімнен.
Сүйем деп сүрініп күйемін,
Қателік кетеді өзімнен.

Сағындым біреуді, бір елді
Көмейге құмарлық тірелді.
Еліткен, еріткен жерітпей,
Сағымдар шалқайып жүр енді.

Өзімнен, сөзімнен алданым,
Тізерлеп төсінде жалғанның.
Ұмтылып, биікке құлшынып,
Соңында жалғыз қап сандалдым.

Бәлкім мен ақын да емеспін?!
Қасында қаңғырған елестің,
Мама, мен бәрінен шаршадым
Енді өмір-тамаша демеспін...

• • •
Өмірімнің төріндегі ең,
Көңілімнің көгіндегі күн.
Сағыныштан салған әнім сен,
Жазымыштың жазғанына беу...

Тамшысымын қара қаныңың,
Бауырында балапаныңмын.
Бар жылуын алақаныңың,
Бердің, әке.

Өтер өмір қас-қағымдай-ак,
Дүние шуақ шашқанымен де
Басты бейне — дастанымдағы
Сенсің әке.

Жазылмайды сенсіз жыр менде,
Жалғыз жүрек сен дер кеудемде.
Атар таңнан үміт жоймадың,
Сапарларда сені ойладым.

Тәңірімдей табынарым — сен,
Тағдырым да, бағым, барым — сен.
Адам бол деп күнде сұрадың,
Сенімінді ақтау — мұратым.

Тамырда қайтып орамсы

• • •

Бәрін де, бәрін де сезем мен,
Тағдырды тайсалмай безерген
Ән-жырды талай жыл өлмеген
Ерніңді ерніме шөлдеген
Бәрін де сезем мен.

Келуге ынтықсың, келмейсің
Кішкентай қалада бөлек бір елдейсің
Көргенде сүюден жалықпай
Сезімің ақиқат анықтай
Күдікті күл етіп жерлейсің.

Жыр жазам баяғы сезіммен таң ала,
Заманға қарамай жымиган жаңара
Кеш кетіп, тұн келер көз көрмес,
Сен жайлы өлеңді өзгермес
Ән етіп шырқайды Тамара...

* * *

Таңымды атырам сенсіз,
Кешімді батырам реңсіз.
Күтемін ғажапқа сеніп,
Жағада жайдары желсіз.

Фұмырым болса да келте,
Алты айға жетердей өртеп
Қайыптай бақытты етсең...
Ақбебек көнілді ерке.

Күнімді көремін дәмсіз,
Тұнімде назданып мәнсіз.
Бойымды сағыныш басса,
Дем алыш әлсіз.

* * *

Сыртта сөуір, сәнді көше майысып,
Мұң мәз болды, құлкі қүшқан жәй ұшын.
Кешір енді сені күте алмаймын,
Сағыныштан құттай жүрек қайысып.

Қарлығаштар оралғалы көп болды,
Соларменен биік көктем шоқтығы.
Қармен бірге ызғарлы жел жоқ болды,
Бір хабардың сенен ғана жоқтығы...

Өрік гүлдеп, қайың жарды бүршігін
Жылғалардан жылдам-жылдам су ақты.
Шабыт шалқып, жыр иірді үршығын,
Күн жымиды: «Өмір бар деп шуактың.

Сыртта сөуір, жұрт та зәру көктемге,
Тек мен ғана өмірге өгей жандаймын.
Қарлығаштар қанат қағып жеткенде,
Кешір енді сені күте алмаймын.

• • •

Жалықтым жалқы өмірден,
Тарықтым салқын көңілден.
Шыңдыққа шөлдеп, шаршадым
Қас-қағым дүние, қоңыр дем.

Бақытын іздең басымның,
Қалмады дәмі асымның.
Тек өлең жазсам тірілем,
Шабытсыз шақтар ғасыл мұң.

Қырдағы гүл ем қырмызы,
Сананы басты тұрмысым.
Аңсаған арман аңыздай,
Үмітім үзік жырмысың?

АМАНАТ

Тұған бауыр, жүрегімде у,
ішпей жемей жаным мас,
Кез келеді қашсаң-дағы
аттанатын сапарға.
Мен табынып жүргеніммен
Мұқағали танымас,
Мен өлгенде мені тіпті
Кеңсайға да апарма.

Бақытты боп бақпасам да,
балдай дәмін татқанмын,
Мен өмірді суюші едім,
мейлі сорым көп менің.
Арманымға ақ шуақтың
адасқаны батқаны
О, бауырым, мені көмгін,
жырларымды көмбегін!

Өлеңдерім ұрпағымдай тірі қалса болғаны,
Жырларымды жүртym алсын,
үқсын мейлі үқласын.
О жақта да арманымсың,
өзің ғана қолдарым
Сүйікті жан, жанарыңнан
бір тамшы жас шықласын.

Тұған елім, өртенбесе, өкінбесе жетеді,
Күнәм болса, кінәм болса,
көктен көмек сұрайын.
Бауырларым, өздеріңмен өзге қайғым кетеді,
Тірлігімде алыс кеттім,
енди жақын тұрайын,
Тұған жердің бір төбесін биіктетіп тұрайын.

Анар Шамшидинова

Мен өлгөнде маң даламның
бауырына жерлендөр...

Маған гашық шебер бала
гүл әкеліп жүр дәйім.

Сыр бойының маңғазына
еңді мені бермендер,

Бауырларым, мен өлгенде
тұған жерге жерлендөр!!!

Тамырда қайтып орамсы

Арманымның асырардай шоқтығын,
Арып-ашып күн кешемін.

Далбаса.

Бұл өмірде ештеңем де жок, күнім,
Жасы кеппес өлеңдерім болмаса.

Шарап жеңіп, сауық-сайран құрғам жок,
Жасқанбастан тағдыр мұнын жолдаса.
Мінезім де жетісіп бір тұрған жок,
Сені құшар ақ жүрегім болмаса.

Атакты емен, дәулетті емен, дарамын,
Шабыт қана. Шашылмайды ол да аса,
Өмірге бос келіп, кетіп барамын,
Сені өлердей сүйгендігім болмаса...

* * *

Арманды іздеуден шаршадым,
Қырандар көкке іліп әкеткен.
Естайдай бірсүйер жар — сағым,
Қалғаны сезімді кекеткен.

Ойлардан жынданым,
Киялым шынайы одан да.
Тазалық түбінде зынданың
Табиғат түнерген содан ба?

Ісім жоқ, бітірген
Кештерде сүрініп құлаймын.
Үмітті үлкендер үпірген
Бекеттің басында жылаймын.

Бақытым-жыр арнам,
Соңына мындарды ерткен.
Мен сенсіз бәрібір тұра алман
О, арман, жылатқан, жеріткен.

Тамызда қайтып оралмы

* * *

Шаршадым
Шабыт көп азаптаң.
Бақыт жок, мазақ қап.
Сен сағым
Соңынан кеткенсің.
Солайша бақытсыз еткенсің.

Шөлдедім
Бекеттің бал суын ішкім кеп,
Басыма сағыныш көшкін кеп
Өлмедім
Алайда.
Түсініп келер деп қалайда.

Таңертең
Мұңымды маңдайдан өшірем.
Кел, ертең
Бәрін де кешірем.

• • •

Жанындағы жарылысқа қарамас,
Жайнаң қаққан жақсы қызыбын сырт елге.
Әмір осы бағы, соры аралас
Анар ханум, маңайынан мұң терме.

Адассам да ақ жүректі әнімнен
Мен жалғанды сүйеді екем өлердей
Күш-қуатқа жарымаган тәніммен,
Тырмысады жүрек түбі жеңердей.

Шұғыласы шомылдырар шаттық бар,
Бұл жаһаннан бақыт таппай өтем бе?
Алыс күнге асығумен аптықпай,
Күлкі көміп, қас керемін бөтенге.

Кінәсізбін, күнәһар түн басынба,
Күнә татпан таусылмаса күш-айла.
Мен өлгенде қабірімнің басында
Ақындар кеп, жасап жатсын мұшайра.

Балапандай жырларыма мас бола,
Мазақ, етер мәртебелі халық, та.
Ерте, кеш пе, тәнді көмер тас мола,
Анар ханум, өміріңнен жалақпа...

• • •
Құлазытты түсі көк,
Қала кеші қайынды.
Күз елемес ісі жоқ,
Мендей масаң шайырды.

Жалғыз қалдым көшеде
Сезім жұтап жалаңаш.
Енді үмітім өше ме?
Қылғындырып дар ағаш.

Аспан алыс, ара мұн.
Жер кешірмей кінәмді.
Енді қайда барамын?
Пенде қайда ұнамды?

Өмір өтіп оралмас,
Көште жылап жас тұлға.
Бақыт шіркін, қол алмас,
Қалар аяқ астында.

• • •

Шағынатын шық таппай жүремін мен,
Арманым мен үмітім бір күнде олген.
О, тәңірім, періште жүргіммен,
Сенгім келген, сонан соң сүйгім келген...

Сенгім келген сезімнің ақтығына,
Алматының жұлдызды аспанына.
Ол мәз болып тәндердің шаттығына,
“Сүйем” деді мені ме, басқаны ма?

Мені ойлады, басқаны құшып, күліп,
Өзін сосын алдады өзгелерді.
Уақыттың шыдамы ұшып тұрып,
Көктемдер де көңілсіз кезге келді.

Тәтті түстің түріне қанбас көніл,
Аңызақ боп адасып күлкім желмен.
О, тәңірім, бұл неткен маубас өмір?!
Мен біреуді мәңгілік сүйгім келген....

Памыңда қайтып орамсы

* * *

Бақыт боп жарыта қоймадың,
Тұылған шығарсың мұңыма.
Озар ма ойларға тоймадым,
Мән бере қоймассың жырыма.

Адал ем, адалдық қажет пе,
Тек сендік сезімге өртеніп.
Күтумен кейде қыс, жаз өткен
Өкінген емес ем жер теуіп.

Пенденің шындығы ашылмас,
Алдасын бір-бірін алдаса.
Жаныңың жарасы жазылмас,
Тәніңің ыстығы далбаса.

Азапты алыста ұсақтап,
Күш берген маң даlam, бел-жотам
Мұқаңың кітабын құшақтап
Балауса тұндерде мен жатам.

Анар Шамшиадилова

Кызық қуып күлгенім жоқ, желпініп,
Бұзық болып жүргенім жоқ, жең түріп.
Гүлнар киген қара көйлек үстімде,
Қара шашым қара желге серпіліп.

Қара түннен кейін ақ таң ағарған,
Қара көзден сонда тамшы жоғалған.
Қара өлеңге ханзадамдай табынам,
Бірақ менде қара арман жоқ, ақ арман.

Қара қарға қарқылдайды өктем бе,
Қара ағаштың гүлін жұтып көктемде.
Қара суық қалышылдатса бойымды
Сені ойлар ем ақ ұлпа қар өпкенде.

Қара қазақ қалың елмін, жекемін,
Білем елге ақын жақын екенін.
Ақ төсекте ақ үмітке берілем,
Қара жер бірақ мәңгі мекенім.

Тамырда қайтып орамышы

* * *

Алатау қарайды бақсыдай,
Фасырлық, кеудесін қар баса.
Өмірге келгенім жақсы ғой,
Бітірген ісім жоқ, далбаса.

Алатау айтпайды жәй кеңес,
Құшагын қытықтап бас қала.
Бақытсыз жылдарым қайғы емес,
Мақсатсыз мінезім масқара.

Алатау қарайды түнеріп,
Қыс мәңгі, жаз-көктем қала ма?
Арманым алысқа жүр еріп,
Сүйимеген күндерім қара-ала.

Алатау асықпай түйеді ой,
Сезімі жаңбырдан қар болған.
Ңәм ғұмыр сүйем бе, сүйе ме ол,
Бір қазақ жігіті жар болған?!

• • *

Жанымның азабы азайып,
Тәнімнің сырқаты басынды.
Тірліктен табылмай ғажайып
Ой емес, дерпт жеді басымды.

Іссапар шеккендей құлқім де,
Дәрінің иісі алды шашымды.
Кос бүйрек үйқысыз бұл күнде
Арманым далаға шашылды.

Жүрегім тырмысып, тырысып
Барлығын білдіріп соғады.
Тұла бой төсектен құрысып,
Бес тәулік бар денем шоқ, әлі.

Ем таппай сабылған маман көп,
Тұртқілеп, тудырып тақырып.
Мен жатам жүргуте шамам жоқ,
Бекетті көмекке шақырып.

• • •

Жастық шақтың жарқырамай мәндей,
Бәлкім өзім сәтсіздікпен тел өстім?!
Ажал-аңның кеберсіген мәндей,
Арманымды қорғай алар емеспін.

Пәк арманым мезі болып мәңгіріп,
Шыңғырады шарасына сыймастан
Күндеріме қасаңсыған сән кіріп,
Егіледі тұндер жасын тыймастан.

Сен бе арманым, әлде мен бе озбаған,
Күміс көңіл сәбиінен алданып.
Бозінгеннің ботақаны боздаған
Балалық қап жастық елді сандағып.

Жастығымда әлің құрып, шаршадың
Егделікке енді қалай жетеміз?
Қаншама жыл мен тек сені аңсадым,
Енді менің мұндарыма төтеніз,
Енді өмірдің мазағына төтеніз.

Сені құшам, бірге өлемін сенімен,
Бәлкім сөйтіп сорларымнан кеш қашам?!
О, арманым, қоштаспаши менімен,
Қоштасқандар оралмайды ешқашан.

• • •

Тағы жалғызбын жағада,
Толқыннан алмай көзімді.
Келем деген ең бағана,
Тауыса көрме төзімді.

Мұныма қанық теңізім,
Таусылма, көрме жаманат.
Жырларым жазған лебізім,
Сырларым саған аманат!

Бос арман ойда.
Тағы үміт...
Мекенім сенсің маңызды.
Білсең айт, жүр ме сағынып?
Бір қазақ, жайсан, жаны ізгі?

* * *

Күшім де жетпеді,
Ішімде айтылмай сыр қалды.
 Тағдырым бақытты етпеді,
 Шашымды, ернімді, сырғамды.

Көзімнің жасы да кеппеді,
 Тамшылар ақысыз құйылар
 Қуаныш күлкісін сеппеді,
 Арманның түрі жоқ бұйырар.

Тәңірім тізерлеп сыйынар
 Өмірге өкпем жоқ десем де,
 Қай ғасыр мұндарым тиылар?
 Жалғыздық жекіп тұр көсемдей

Сезімнің балынан жесем де,
 Зарына кезіктім шақырып.
 Жұрт тыныш, ел мен жер есенде
 Өлеңге табылып тақырып.

* * *

Жанымның жарасын үғын,
Тәнімнің санасы мығым.
Мазалап, жазалап болсаң,
Кел-дағы алдыма жығыл.

Сезімді сел болған сөндір,
Қапасты қара күн төндір
Болмаса басымды қатырмай,
Мені де ажалға көндір.

Кетейін өмірден солай,
Жүргенше хақ іздең бұлай
Ендігі тірлікте қалған
Қоймаспын өзіңе үнай.

Бітсін тез өмірмен айқас,
Болсын тез, садақа, бәйгі, ас.
Тағдырым — жалғызым менің,
Мәңгіге жаныма жайғас.

Тамызда қайтып орамсы

Күнәм болса, сүрлеген
Кінәм болса білмеген,
Күнім болса сүрмеген
Тұнім болса кірлеген
Құлдарына жақ, құдай,
Кешіре гөр, ақ, құдай!

Әнім болса басынған
Сәнім болса шашылған,
Жаным болса ашылған,
Қаным болса тасынған,
Сабырына сақ, құдай
Кешіре гөр, ақ, құдай!

Төзім болса төзбекен
Сезім болса сезбекен,
Сөзім болса көздеген,
Кезім болса өздеген,
Көгімдегі бақ, құдай
Кешіре гөр, ақ, құдай!

• • •

Сөз бастасам, өтіне
Қапасты ойдан құтылардай көнілде
Қара сағат, қабырғаға қадалған
Күәсің сен тағдырдың мың сәтіне
Талайды әкеп өмірге
Талайлардан жан алған.

Болар ма екен достасуға
Сізбенен?

Қара сағат қабырғаға қадалған
Күәсің сен қоштасуға
Жүздеген
Адамдарды алыстатқан адамнан.

Сынаптай сәт тіршілікте жоқ ісің
Сырт-сырт тағдыр сенің үлкен үлесің
Жүректердің қосқан бірге соғысын
Кездесуді тағы сен тек білесің.

Қара сағат, не өтпеді басыңнан?
Үрғағың сол бірақ шерлі кейде әнің.
Мен де жалғыз өстім сендей жасымнан
Откен ұмыт, ал болашақ беймәлім.

Сен жеткіздің әуеніңмен тұрақты
Махаббаттың келіп, жылдам кетерін.
Қара сағат, қуанттың да жылаттың,
Не етемін?!

Нұрлы шақтар өтті-кетті, күрсінбен
Шын бақыттың шымылдығын енді ашам.
Жүрегімнің дүрсіліндей сыртылмен
Өлерімді естіртесің сен қашан?

* * *

Кешіре алсам, кешірермін бір күні
Жалғыздықтай жынды қылған түрпіні
Мезгілінде ұмытылған күлкіні
Сонда отқа лақтырарамын
Өзіңің
Құлың еткен құмарлықтай тұлқіні.

Лақтырамын сосын отқа сезімді
Бақсыз қылған жастығымдай кезімді
Ұмыт менің қолдарымның ыстырын
Жерге таста, таптап-таптап сөзімді.

Кешіре алсам,
Кешірермін, көр, сеніп.
Өшпесе әлем көз алдымда теңселіп.
Кетпесе жел боранымен еңсеріп
Қоштасудан кейін қалсам аман-сау
Сенсіз өмір сүру үшін белсеніп.

Кешіре алсам, кешірермін ақыры
Нұрлы күнді жынды түнмен сапырып,
Жырларымнан жұлып тастап тақырып.
Сыр-зарымды мыжғылап,
Тірлігімді қайырымға шақырып.
Кешіре алсам, кешірермін ...

Мен білмеймін не күтемін таңымнан,
Ертең атар рауандап?
Кім табылады сын сағатта жанымнан
Кімдер кетер жамандап.

Құша алам ба бақытты көк, жер тіреп
Бір-ақ минут, бір рет.
Соған жетсем, ей, мендегі шер жүрек,
Жылай көрме діріл ет.

Мен білмеймін, кімнен жүрмін бата алып,
Неге отырам қақшиып?
Тіршіліктің нағыз құлы атанып
Неге жүрмін басты иіп.

Өтуде өмір, қыркүйек те салқындалап,
Өлім жайлы қаңғып ән.
Ақырғы сәт соққан кезде алқымды ап,
Елге немді қалдырам?

* * *

Қарашада құса болған көңілге
Кім тұрады араша?
Кім тұрады араша?
Әлімнен көп жеңілетін өмірге
Неге үндемейді қараша?

Қарашада ғаріп болған жүректің
Кім табады дертін дәп?
Кім түсінер, тірек кім?
Неге өзімді күйдіреді өртім көп.

Тәңірімдей басынып,
Аяулымды келмес жаққа асырып
Тірлігімді көкке ұшырған ажалды
Нұрлы күнде шоқ, құшырған тажалды
Кім тоқтатар бас ұрып?!

* * *

Жанымда бір көңілсіздеу жатыр ән
Сен таңданба.

Кейде соған өлең іздеп отырам
Жұрт үйқыда таңдарда.

Күлкі жайнап бет пердем
Періште кеп құлағыма сыбырлап,
Үйқас сыйлап кеткендей,
Тез қуанам жыбырлап.

Сосын жылдам мұңайып,
Сыймайтындаи қара жердің бетіне.
Жынданғаным — бір айып,
Қашып елдің шетіне.

Күлме маған, өзім де үқпай отырам,
Мінезімді ғашықтыққа жалданған.
Жанымда бір көңілсіздеу жатыр ән
Сен таңданба.

Тамырда қайтып орамсы

• • •

Шамам жоқ, шарт кетіп өлуге
Жаныңа жақындал келуте.
Тәңірім, жарлығың жөнді ме айтшы өзің
Жүректі жүректен бөлуге?!

Тәңірім, мен бе өлде жазықты?
Тағдыр тор қайда да қазыпты.
Фасыл мұң ғаріп етіп тапқанда
Қоштасу-қайғысын жазыпты.

Ғұмырым қалайша қырқылар?
Тек сол деп жанарда жыр тұнар.
Мен олсыз жүре алман жалғанда!!!
Құштарлық қақпанда жұлқынар.

Тәңірім түйгенім,
Сол менің сүйгенім
Онымен жұмақтай күйдемін.
Мені одан айырма, қайрыл да,
Әйтпесе ажалға қи мені.

• • •

Оқыма жырды зар тұнған,
Енди өлең жазбан антүрган.
Тәрк етем бәрін, тек қана,
Шабытты қайтем шарқ ұрған?!?

Сезімді тастап сұлатып,
Сауықты жүрем ұнатып.
Миымнан сені шығарам,
Басымды ауыртпас сыра түк.

Жақындаі көрме маңыма,
Кек толды қоңыр қаныма.
Тұнімде әнмен оралам,
Не тілек айтам таңыма?

Құмарлық, құрып мазақтай,
Сағыныш кетсін тозакқа.
Осылай сенсіз күн кешем,
Бақытты болғын о жакта...

Тамызда қайтып орамышы

• • •

Эйелдік тағдырдың торында
Еркектің сан мұңы жолымда.
Жалғызыбын деудің де орны жок,
Ұлым бар үмітім-қолымда.

Тұндерде тозақтай тоңғаным
Болмаса, ақынмын — ол бағым.
Өлеңім,
Сен барсың өкінбен,
Басыма қайдан кеп қонғаның?!

Тірліктің ауырын сезініп,
Жыладым, тек кетпен безініп,
Бақытты күтуден жалықпай,
Жүремін мұндарға езіліп.

Болсын деп, намыс-хақ, ар-мәнді
Тілекті, тастадым талғамды.
Тек Аллам кешірсін ақтық, күн...
Жек көре алмадым жалғанды.

Анар Шамшидинова

• • •

Әлдекімді күте берем қашықтан,
Жүректе жыр, тұла бойда қатып қан.
Құндылығы құрып кеткен өмірім,
Көңілімнің көрі азап, төрі мұң
Өлгім келіп жылап жатам жасып тән,
Ақбалаңай ақыретке асыққан.

Боздак, келіп боздамасын басымда,
Армандал ем оны өлердей жасымнан.
Қара өлеңнің арнасам да қаншасын,
Таң қалдырып тәмам жүрттың баршасын
Сүйсе дағы таңдамады ол мені,
Жарты тұндер.
Мендік тағдыр сол ма еді?

Тұнгі бақыт,
Күндіз қайғы секілді
Аллаған тіл дүғаға бекінді.
Жынды қылған жұмыр жерде жақын жоқ,
Жалғыз қалдым өлеңі арзан ақын бол,
Сүймеуге күш,
Ал сүюге хақым жоқ!

Жалын едім,
Жанушы едім от болып,
Енді қалай тез кетемін жоқ болып?
Айырмам жоқ жігері құм жасықтан,
Күлкім кеуіп, гүл жүзімнен қашып сән,
Сенім сөніп, арман қалды айлақта.
Тілек болып бақ құшармын қай уақта?
Әлдекімді қанша күтем қашықтан?

**Тамызда
қайтып
оралшы**

* * *

Я, раббым!
 Кешір мені.
 Адам деп есіркесең,
 Ақын қып жаратқансың несін мені?
 Кінәмді кешірмесең.

Я, раббым!
 Кешіре гөр сезімімді,
 Құмарлық, құлатқанда
 Жоғалтып төзімімді,
 Ояндым жылап таңда.

Я, раббым!
 Кешіре гөр жалынамын,
 Бақытты сәттерімді
 Құштарлық, балынан мың
 Татқанымды,
 Сонан соң әттеңімді.

Сүрінбей тұра алмадым,
 Бос өмір сүргенімде,
 Саған еш ұнамадым,
 Хош көңіл күлгенімде.

Ұмыттып кәлимамды,
 Сақтаған бойда жастан.

Анар Шамшидинова

Бүгінге жан иланды,
Ертеңді ойламастан.

Жалғыздық жоғалар ау,
Біткенде есіл демім.
Мен саған ораламын,
Я, раббым!
Кешір мені.

ЖАНАР

Өзіңсіз талай таң атты,
Көктем, жаз гүлмен қаратты.
Талайдың дәмін тауысып,
Талайды тәңір жаратты.

Бәйшешек жайнап қырларда,
Жазылды жауғар жырлар да.
Тек өзің жоқсың аяулым,
Сүрінбес сансыз сындарда.

Қайғымды тағдыр тыңдар ма?
Бақытын байлап бұлдарға.
Өзіңсіз өтті талай күз,
Табылмай дауа мұндарға.

Қызырып қыздай күн батты,
Жасырып сырын түн жатты.
Аққулар әнін салғанда,
Қайыңдар күлді сымбатты.

Қызығын көрмей жалғанның,
Қалдырып артта арманды.
Он алты жаста көз жұмдың,
Қайғыға бөлеп бар манды.

Үмітің өлді дір еткен
Айрылып біздер тіректен.
Ажалға етер шара жок,
Сағыныш қана жүректе....

* * *

Қара жердің астында
Қалай жатсың үндемей?
Зілі батпай тастың да,
Күндіз демей, тұн демей,
Негіп жатсың үндемей?

Қара жердің қойнында,
Құштарлықты жойдың ба?
Өмірге иә адамға,
Қоғамға иә заманға
Бәріне әлде тойдың ба?

Мұң азайып мойнында
Көздің жасы тәмам ба?
Қара жердің қойнында
Періштерер аман ба?
Жұмақ жақта әмәнда.

Қара жердің құшағы
Қалай сені ұстады?
Ыңғарымен қыстағы
Мұз-қарымен тыстағы
Тіршіліктің бұш шағы.

Сенсіз көктем гүлдемей
Жаз шуакпен құл демей
Күз көңілсіз өтуде
Қара жердің шетінде
Негіп жатсың үндемей
Күндіз демей, тұн демей....

* * *

Жан апа, ұлғайды жарам,
Басыңа жаз келе барам.
Шашымнан сипашы келіп,
Санам сүр, садақам сараң.

Ақылым ашыған айран,
Ғұмырым шарасыз шалған.
Құмарлық салғанда тайран,
Сезімім панасыз қалған.

Күндерім күлкіні ұмытып,
Түндерді жаман түс билеген.
Көңілді қиялым жылдытып,
Әмірге басын имеген.

Тым ерте озып қатардан,
Жан апа, жоғалған арман.
Сен емес, келді сапардан,
Бантигің көгалда қалған.

Жан апа, кешір мұңымды,
Сен жоқсың шырқым келмейді.
Сағыныш ойран сап бұрымды,
Қыскы тұн үйқы бермейді.

* * *

Жоқсың сен
Аланда, көшеде
Жанымда жоқсың сен
Бәлкім шын көксің сен.
Жолатпас шоқсың сен,
Бәріне тоқсың сен.
Бүгін де, кеше де.
Жанымда жоқсың сен,

Бұрынғы астана.
Сен сүйген бас қала.
Пәтерлер, баспана
Жоқ-жоқтар құтырды.
Ерте жер жастана,
Бір бақыт жасқана
Жұтынды.

Жоқсың сен,
Гүл құшқан бақтарда,
Жылу тұл шақтарда
Тойы аз жақтарда
Жоғалдың?!
Ашусыз ақ қарға
Әділін ақтар да.
Оралғын.

Жоқсың сен,
Ажарсыз айнала,
Әуенсіз жәйлана
Сұрық, жоқ, қайды да
Көк күліп пандана
Қайдасың?!
Мұлгиді маң дала,
Сыймайды сандала
Қай басы?!

Памыңда қайтып оралмы

Жоқсың сен,
Қыс қаһар төккенде,
Күз бен жаз, көктемде,
Мені жыр өпкенде,
Айналып өткенде,
Үмітім.
Кейімей сөккенге
Еш жерде жоқ, пенде
Оралғын бүгін тұн.

Жоқсың сен,
Алаңда, көшеде
Бүгін де, кеше де...

Сенің бейнең оқымда,
Сенің бейнең солымда.
Келем жалғыз тағы да,
Өлең саған қолымда.

Құтыла алмай елестен,
Елес, елес еместей.
Сағынышқа санамда,
Дауа таппай ғаламда.

Үмітіммен жасыған,
Сені жапқан тасыңа
Жыр оқимын жындыдай,
Жұбата алмай гүлді май.

Сабырсыз сан қарманам,
Жерге сыймай арманым.
О жақтағы үйінде,
Орын бар ма тар маңым?

Сенің бейнең оқымда,
Сенің бейнең солымда.
Ағыл-тегіл сезімім
Сұлап жатыр жолымда.

ТАМЫЗДА ҚАЙТЫП ОРАЛШЫ

Сен

Өмірге келгенінде гүл ең,
Сам құмы, тамызда қапырық,
Сосын өлгенінді білем,
Тағы да тамызда шарқ ұрып.

Толқындар қап-қара шашында,
Бетінді жауып санаңмен.
Көз жұмдың он алты жасында,
Үмітті жылатып анаңмен.

Арманың аяқсыз қалды,
Болашак, бал өмір жайлы.
Тағдыр қай аяпты жанды?
Болса да бар өңір қайғы.

Жалғанның бақыты аңыз ба?
Өлеңім тек мұнды сөз қылған.
Жан апа, оралшы тамызда
Сен туған, сосын көз жұмған...

* * *

Бакыттың дәмін татпадың,
Қабірдің төрін аттадың
Сен.

Арманың жайына қалды,
Ардағын қойнына алды
Жер.

Қалдым қайғымен шойындей,
Алдым — жастық мойылдай
Мен.

Жүректе назалы жыр жатты
Көзімнің жасын құрғатты
Ел.

Шырайын қан қылып беттің,
Несіне қалдырып кеттің?
Сен...

МҰНАР, МҰНАР, МҰНАР КҮН...

Махамбет

Сен өлген күн
Көзінде Ай-нұр сөңген күн
Өзіме қайғы төнген күн
Сезімді мәңгі көмгөн күн.
Есімде
Күлкің, ак жұзің
Іздеген бейнең бақ ізін
Наурыздың нәркес кешінде
Адыра қалды-ау арманың
Несіне?
Қайырым қатпай тағдырым
Жазылмай жаңда сан жырым
Иесіне.
Жете алмай жолда жыртылды
Сағыныш сартап құртылды.
Сен өлген күн
Қызылып түсті қанатың
Күтті ме жұмақ жәннаты
Бұлқынып жаның іргемде
Жұлқынып тәнің бір демде
Ұйқыда кейпің сәнді ме?
Көзінді жұмдың мәңгіге.
Өзіме қайғы төнген күн
Сен өлген күн.

* * *

Жанымды тепкілесең де,
Бал шағың кетті десең де
Азапты күнде жесем де
Зәрінді төкпе демеймін
Мен саған өкпелемеймін
Өмір.

Арманды аялап жүрген
Жалғанды саялап құлген
Бір күнде оқقا ұшырдың,
Өзімді жоқ па жер құшырғың?
Кейде рас жеңілем ойдан
Бірақ та егіле қойман.

Бақытты көз ілгенімде
Уақытты сезінбедім бе
Әлде сен өзім дедім бе?
Қайғыны елей қоймадым
Жайлы күн жебей ойдағым.

Бір әнім гүл атып кеудемде
Жұбанып үмітке бір демде
Бәрі енді жаңаша дедім
Сен неткен тамаша едің?

Арымды жараласаң да
Барымды қараласаң да
Төмендеу бағаласаң да
Қуаныш тек көрем алдан
Мен сені жек көре алман
Өмір.

* * *

Сағыныш сазына қанықпын,
О бастан мен мұңға жарыппын.
Тәңірім, жаным — бос, тән зілдей,
Сезімсіз күндерден жалықтым.

Көз ілмей көк барқыт тұнімде,
Ойларға орандым жібітіп,
Сен болсаң, ұмытып,
Кеше де, келмедің бүтін де.

Келмейсің ертең де,
Күтуден мен бірақ шаршаман.
Сағыныш отына өртенбей,
Жолығам арманға аңсаған.

Сезінем, самалды сені өпкен,
Жаңбырды шаштарың шомылған.
Үмітті ысырып желекпе,
Бір бақыт туады оңымнан.

* * *

Поэзия тәңірің бас иетін,
Шабыт шалқар тым ерте қызыпты.
Қу жалғанға сыймаған қасиеттім,
Бір бұрышы Кеңсайдың бүйірыпты.

Кешір, Мұқа,
Кеш келдім қабіріңе,
Тіршіліктің мен дағы бір құлымын.
Баяғы өмір жетпеген қадіріңе,
Шыңдығым жоқ,
Мұндымын,
Жыр қылығым.

Басың биік,
Жүзіңен шашылып нұр,
Жанарыңның жарқылы мұқалмаған.
Қайта қара қайғысын жасырып тұр,
Үлбіреген үміті жүқармаған.

Пенде ғұмыр бағынбай өміріне,
Жырға арнадың тірлікті
Жерініп пе ең?
Кешір, Мұқа, кеш келдім қабіріңе,
Сенсіз қараң дүние егіліп тұр.

* * *

Егілсем елім елер ме,
Жеңілсем жерім жебер ме?
О, Алла, қалай адастым,
Айырмай ақ пен қара істі?

Жыласам жасым жетер ме,
Құласам қыршын кетем бе?
Мұңыма орап тәнімді,
Жұбатам қайтіп жанымды?

Көктемім қашан жетеді?
Гүлдерге толып етегі.
Күз болып жүрем қашанғы,
Сағынышпенен жасанды.

Мен кешкен сезім өткенде,
Бақыттым қалды көк белде.
Коймады кеше түгімді,
Тірлігім құрсын бүгінгі!

Андр Шалашинова

* * *

Өмірімнің мәнін таппай егілдім,
Махаббатым шындығы жоқ бір биік.
Арманға еріп, құр қиялға берілдім,
Жемқор қоғам жымышп түр жылмишп.

Өлеңімді құшақтаймын жатарда,
Парнас таудың көлеңкесін көрмеген.
Күндіз көппен күліп жүріп қатарда,
Түнде жас боп сорғалайды кермек ән.

Сағыныштың сол мекенін таппадым,
Сүйгенімді күтер едім күнәсіз.
Барым осы.
Алдыңдамын жаббарым,
Қандай азап бұйырасыз мына сіз?

Бакытты ойлап босқа өтті ғой жастығым,
Үмітім жоқ, бұл жылдан да, бұл айдан.
Арзан сенім сірә, өзіме қастығым,
Жемқор қоғам қорықлады Құдайдан.

Күлкім аңы, мұңым тәтті шекердей,
Шабыт шолжаң басымды көп қатырды.
Жемқор қоғам жемтігі бол кетердей,
Үйден шықпай,
Ештеңе ұқпай жатырмын...

Жағада жазған

жырлардан

* * *

Тілім өгей,
Салтым қалмай сақтаған,
Шарасыздық шырмауында ашындым.
Шұлдірлеген білгілері қаптаған,
Нұр нұрлаған мына билік басынды.

Жұртый жылап,
Ұлтым жырақ ғүрпynан,
Тәуелсіздік алдық па өзі бекерге?
Ақындықпен ақырғым кеп бұлқынам,
Келімсекке келіншек бол кетердей.

Жердің сорып бар байлығын әркімдер,
Тайрандал жүр төсегіндей ойнастың.
Қорғансыз ел.
Сені ойлайтын бар кімдер?
Қырда қаңғып,
Неге босқа ойды астың?

Келешегім келмейтіндей жандығам,
Сағуд жақтың сарнай жеткен сұңқылы.
Қазағымды қалай аман қалдырам?
Қашан тояр адамдардың құлқыны?!

* * *

Өзіне өзі жұт пенде,
Бақыты келмес күткенде.
Ертеңің сенің не болмак,
Ертегің енді біткендей.

Болмады елдің бірлігі,
Содан да осы тірлігің.
Суырып жазған санамнан,
Оқиды дейсің жырды кім?

Ұлдарың қайда елім дер,
Имансыз болды ау келіндер.
Тулақтай тозып барасың,
Бабамнан қалған керім жер.

Шындықты ашы ақтардым,
Жалпақшешейді жақтар кім?
Өзгеге жүрсің табынып,
Өзінді қалай сақтармын?

Өркениетке бастадың,
Салтыңды көміп таstadtың.
Дінімді білмей өскемін,
Бодандық көрген жас жаным.

Жүректен өлең жазамын,
Кеудеме толып таза мұң.
Ертеңің сенің не болмак,
Ертегің бітті, қазағым!

* * *

Жағада жалғыз қап, жабықтым
Сен болсан, мұң білмей күлер ем.
Өмірім өзіңсіз бос екен, жаңа үқтыйм.
Сол жайлы бұл өлең.

Құшардай сен кенет мені кеп,
Толқынға жақындал үмітпен,
Сағындым, келсеңші берірек
Таңдаулым қазақта жігіттен.

Бұл өлең сағыныш жайында
Дегенім, сен жайлы білерсің.
Бәлкім сол алдағы уайым да,
Өмірім — реңсіз.

Теңізге соны айттым, жасырмай
Ол маған сенгендей, зор үнмен
Шағала ән салды қасымда,
Бағымды әйгілеп сорыммен.

Сағыныш сен десе тәзімсіз,
Жанымда қайтсем сен жүрер ең?
Жағада қапасты күй кештім өзіңсіз
Сол жайлы бұл өлең.

* * *

Бойымда байырғы аза мұң,
Ақымақ хаттарды несіне жазамын?
Өзіңе кезігіп,
Сезімге күң болдым
Десем де күнәдан тазамын.

Сәттерде есімнен жаңылам,
Ойда — өлең, құшақта жаңыл-ән
Сені ойлап үйқымнан қағылып,
Құштарлық төсіне таңылам.

Көруге ынтықпын таң сайын,
Күтумен өтуде қанша айым?!
Сен ғана іңкәрім іздеген,
Мен сендік ханшайым!

Болмайды жолында қаза мұң,
Жауапсыз хаттарды несіне жазамын?
Жарқ, етіп жолығып,
Зар еттің көрінбей
Сағыныш-торында азамын.

* * *

Жанғанда сезім гүл атып,
Жанымды қойдың жылатып.
Фашықтық күшін сезіндім,
Қалдым да сені ұнатып.

Арманым болдың бүгінде,
Бақ табармын ба түбінде?
Азаптың бәрін бер маған,
Сен жаным, ылғи құлімде.

Жанарың жарқын жасындей,
Жымиганыңда тасынбай.
Бақытты болып кетер ем,
Бір сәтке болсам қасында.

Таусылар тағдыр сүргіні,
Келер деп күтем бір күні.
Сағыныш мұнды мен кешем,
Қайғысыз өмір сүр, күнім!

* * *

Мені тағы да жылаттың,
Рахымсыз, жауапсыз қалдың да.
Несіне ұнаттым,
Гүл аттым?
Не күшің бар еді алдымда?

Мені тағы да мұңайттың,
Санамда сағыныш сүмбілдей.
Көркімді көмгенде құмайт құм,
Келерсің,
Келмессің,
Кім білген?!

Сұлулық жүзімде өлгенде,
Қажетсіз қап-қара сүрмен де.
Саңғыған сезімің сөнді ме?
Рахымсыз, жауапсыз жүргенде...

* * *

Жүрегімде жазулы түр есімің,
Күнәм болса, Аллам берсін кешірім.
Сол жағада сені күтіп жүрмін мен,
Айтшы, жаным,
Қандай сенің шешімің?

Бар санамды билеп алды болмысың,
Аңы мұң мен сағынышқа толды ішім.
Жауабы жоқ хаттар жазып жалықтым,
Көкіректе көктемгі арман солды шын.

Кәлима оқып, көк мешітте отырам,
Үміт емес, қайғы қасірет татыр ән.
Сені сүйіп, жан дертіме дауа жоқ,
Көп кінәмді жанарымда батырам.

Тұла бойда тыптырышиды құмарлық,
Тәңір сені жаратқандай сыңар қып.
Оразада оралсанғ ғой, сүйіктім,
Мені мен Аллаға іс қып ұнарлық,

* * *

Арманым болдың кәдімгі,
Адайдың айбар бір ұлы.
Құштарлық басты жанымды,
Жүректе қайран жыр ұлып.

Күтумен көзін талдыра,
Біреуге асқақ арумын.
Жақындаған келсең жандыра,
Сәулеңе сенің зәрумін.

Ағымнан айтсам жарылып,
Көктеммен кетті бар үміт.
Өмірдің мәні қалмады,
Сағындым сені сарылып.

Жамылда шайтын оғамы

* * *

Дүние даңғой,
Тар өңір,
Азаптың түрін сан тарттым.
Бір болсақ деуші ең бар өмір,
Қалайша жолда жалтардың?

Алқымнан алса аңсарым,
Сезімді сабыр тұсасын.
Оянам жылап таң сәрі,
Тұндерде кімді құшасың?

Кызғаныш, арман, беу сезім,
Қай жерде қаксып қаласың?
Тек сені сүйем деуші едің,
Жанымның жазшы жарасын,
Қай жаққа кетіп барасың?

* * *

Сенсіз қалып жабықтым,
Қараңғы боп жарық күн.
Ертегіге сол кез айналды ма?
Бар бағым — сен,
Ардағым ең —
Зарықтым,
Қадірінді сан ұқтым.

Саған ғашық жүрекке,
Сағыныш — от тірек пе?
Жүргегімде мың жыр дір еткенде,
Жыладым сан,
Құрадым бал арманды
Киялдаудан талмадым
Әр сәт сайын сен деп жанып.

Бірге жүрген күндерім,
Білмей күлген мұң лебін
Қайдасың сол түндерім?
О, тек сені
Күтем бақта күздегі,
Үміт сақтап үзбедім
Бәлкім кештеу іздедім
О, кеш мені.

Көңілсіз күндер басымда,
Сені күтемін сұр түнде.
Неге келмейсің қасыма?
Көзде жасымды сұртуге.

Бұл қалада жоқ қуаныш,
Көктем кешікті сенімен.
Болар жанымға не жұбаныш?
Жапа-жалғыз егілем.

Әндерім саған арналған,
Өлең жазылды жырақта.
Үміт шақтарда қарманған,
Өзің жоқсыңға ғой бірақ та.

Сағыныш сазы жиі ақты,
Жүрек жылайды мұндардан.
Маған керек емес сияқты,
Сенсіз қалған бұл жалған.

* * *

Кештерде күткенім күлімдей,
Еш жерден таба алмай күнімде.
Тұндерде сезгенім,
Кезгенім
Бәрі де қала ма білінбей?

Сағыныш селіне төзгенім,
Сүйгенің,
Сенгенім сөз бе еді?
Жүрекке дерт толды дауасыз,
Іңкәрлік жас болды көздегі.

Миымда мазасыз сыр толды,
Үйімде үмітім құртылды.
Құшағың жұмактай аңсатты,
Ернімде елестен жыр тұнды.

Арманым азаптан тілінді,
Ойда бал, у жеді тілімді.
Тойында қасында болмадым...
Бойымда кім басар дірілді?!

* * *

Бар төзімім таусылып,
Жан сезімді ұшырдым.
Елесінді қаусырып,
Келмесінді түсіндім.

Сағынышқа батармын,
Құмарлығым азайып.
Откенді ойлап жатармын,
Ол бір түстей ғажайып.

Үйқым қалып төсекте,
Таңды көзбен атырам.
Уақыт — емші десек те,
Тұрмын сол бір сатыда.

Сені әкеткен ұшаққа,
Қол бұлғадым күшіммен.
Елесінді құшақтап,
Келмесінді түсіндім.

* * *

Жағасында теңіздің жылап тұрмын,
Қылмаған некесі қалыңдықтай.
Көзден шаттық бұл күнде жырақ сырғып,
Би билеп жүр толқындар халімді үқлай.

Сұқтанады сыртымнан серілер мың,
Сырын оның уақыт сараптасын.
Сені сүйіп сезімге берілемін,
Алла баста адам ғып жаратқасын.

Сені қалай ұмытам құшып-болып,
Үнтық сәттер көлбендең сүр елестей.
Жем іздейді шағала ұшып-қонып,
Менің мұңым ол үшін дым еместей.

Сол жағаға тағы да келіп тұрмын,
Бір сапарға шыға алмай кемелермен.
Шабытымды сағымдар еліктірді,
Жыр оқыын деп едім сенер елге.

Сағынышым жанарда бұлактар бол,
Балбыраған бақыттан күй есімде...
Сені аңсаған көнілде сұрактар көп,
Қайда жүрсің?
Сен мені сүйесің бе?

Тамырда жайтын орамшы

* * *

Көңілімнің еркін ашып есігін,
Жүргімнің төрін саған ұсындым.
Өмірімді арнасам да несі мін?
Сенсіз тірлік ете алмаспын.
Тұсіндім.

Тағдырымды берем сенің қолыңа,
Жаным менен тәнімді де қосып ал.
Күнде қарап отырамын жолыңа
Сәл кешіксең келмейтіндей шошынам.

Алла менен адамдардың алдында,
Сүйем сені құмарлықпен қиратқан.
Енді мені жерде жалғыз қалдырма,
Бірге өтейік ақтық күні Сираттан.

* * *

Құмды сүйем, сен жүрген ізің бардай,
Ернің жанып, елестеп жүзің қардай.
Бал тұндердің базары тарқағасын,
Жаз жабырқау болғанда күзім сондай.

Бірге жүрген күндерім қалды қараң,
Демің өртеп тұла-бой балбыраған.
Қалай бәрін ұмытып кеттің екен?
Тән тәнті боп көркіне жан құлаған.

Бірге оянған таңдарым болмағандай,
Не естелік қалды екен қолда қандай?
Жарықтан да жасырып сүйетін ең,
Құшағынан жібермей қорғағандай.

Желді құшам, ауада лебің бардай,
Болмысымды баурап ед демің балдай.
Енді отырмын құдаймен келісе алмай,
Жалғыздықтан құтқарар емің қандай?!

* * *

Жынды елестің шуағына малынып,
Махаббатпен ауырып.
Ұшпай жатып қанатымнан қағылам,
Құшпай жатып сағынам.

Бос арманның әуеніне ұрынып,
Сезімі жоқ бейбақ күндер тұр ұлып.
Қашан, қайтіп ұмытып ем құдайды?!
Жүрек неге жылайды?

Көк мешітте жығылғанмен Аллалап,
Артым теңіз, алға бассам жарқабақ,
Бақытый деп құшаққа алдым зілдей мұн,
Қалай өмір сүрерімді білмеймін?!

* * *

Бейжай күндер өткеннің үлесінде,
Сенесің бе, сөзіме күлесің бе?
Фашық болып өзіңе қашық болдым,
Қарашаның қап-қара тұні есімде.

Жақынның ең, солайша алыстадың,
Арманы жоқ, көңілден қалыс бағым.
Әйкел таққан әдемі ару едім,
Еркелікті ерлікпен жаныштадың.

Тағдырымды сен менің білген бе едің?
Арпалыссыз алаңсыз жүрген едім.
Сырластым да сәріде зәрем қалмай,
Мұңсыз күнді соңан соң сүрмелегенім.

Сезім толды кеудеме сылқым үнді,
Содан бері ұмыттым құлкіні де.
Жүрегімнің төрінен орын бердім,
Қарашаның қап-қара бір тұнінде.

* * *

Жауапсыз қалса да хаттарым,
Атыңды құрандай жаттадым.
Нұр шашқан жүзіңе ынтығып,
Құмарлық қақпасын аттадым.

Өзіңсіз өмірден жерідім,
Жаныма жоласаң ерідім.
Кәлима қайталай беремін,
Болсаң деп өмірлік серігім.

Жауапсыз тұрса да сұрақтар,
Тұрім жоқ сенен еш жырақтар.
Басыма бүйірган бақытсың,
Мейлі сен жүз қызға ұнап қал.

Ерніңнің отымен өртедің,
Сезімнің емес бұл селтеңі.
Өзінді сүйерім ақиқат,
Ертегі болса да ертеңім.

* * *

Сағындым сені,
Жалғыздық бұрап
Бәскіл мұндардан шаршадым.
Қайтермін бірақ?
Шақырымдарды қанша мың?

Ынтызар болдым көрмекке,
Ештеңесі жоқ жұмбақтар.
Тағдыр жолымды өрмектеп,
Қошасты жазбен гүл бақтар.

Сағындым сені
Сағыныш күндер сылбыған.
Тұнгі азабыма қанық таң.
Тек іштей ғана шыңғырам,
Загипаң — менмін зарыққан!

* * *

Рахымды жаныңды сағындым,
Тәңірім сабырды өлшеген.
Үмітім бәрібір жағылды,
Сан рет сарылып сөнсе де.

Ақылды көзіңе құмармын,
Ақынның сөзіне илансаң.
Мен саған өмірлік сыңармын,
Куансаң, қайғырсаң, қиналсаң.

Арманым — бір болу ашық түн,
Кеште де жұлдыздар жанбаған.
 Тағдырым, ұқсаң ғой ғашықты,
 Аңсаудан арыла алмаған.

* * *

Жолыңды тосудан жалықтым,
Менде енді үміт те өледі.
Қалың ел бәріне қанық-ты,
Жоқ, бірақ, көмегі.

Ақ, қырау кештен де жоқ қайыр,
Тұрғаны әп-әсем расында.
Білмей ме, білер-ау, көк тәйір,
Жәйімді сағыныш басынған.

Жолыңды тосудан шаршадым,
Ол жақтан жол жоқ, па қайтатын?
Көліктер бармай ма қанша мың?
Көшеде босқа өлең айтатын.

Жағада тұрамын жыларман,
Шағала шырылдал зеріккен.
Даусыңды есту де бір арман,
Телефон соқпайсың неліктен?

* * *

Жоладың маған несін сен?
Ұннатьым сені не үшін мен?!
Тіршілік тыныш быт-шыт боп,
Жаңылдым енді есімнен.

Сезімді сөнген үрледің,
Тәнімде сұмдық жүр менің.
Кездесіп бейуақ,
О, жалған,
Кіл ғаріп күндер сүргенім.

Миымда қонып мәңгі арман
Ертегі күткен таңдардан
Еркелеу ақын қыз едім
Опырылып түстім заңғардан.

Тірлігім қалды тегі — үміт
Қиялға шындық жегіліп.
Құлы боп кеттім...
Өлеңім?!
Өлеңім қалды егіліп.

* * *

Күтемін келісіп көркім көп
Күнде.

Маған келер ең, еркің жоқ,
Мұлде

Хақым да жоқ менің сүюге
Сені

Себебін болмайды білуге
Білме.

Сенсіз дүние қараң

Демен

Үзілді менімен араң

Неге?

Қайда ұшты сезімің нанымды
Айтшы....

Қайғыны қайтем жанымды
Жеген.

Несіне сағынам солып,

Еріп.

Кетесің көрмеген болып,

Көріп,

Тіршілік тақпаққа наңдың ба
Солай

Барамын алдында

Өліп.

Айтылмай сөзім қап

Тілде

Құштарлық төзімді ап,

Бірде

Алайда хақым жоқ, сүюге
Сені

Себебін болмайды білуге
Білме!!!

* * *

Жаның
Армандарға тұнған
Тәнің
Құр қалмаған жырдан.
Затың
Жақсылыққа жат емес,
Атың басталады нұрдан.

Қаның
Бойда тулай акқан,
Әнің
Маған құлай жаққан
Күлкің
Ол тағдырдан сыйың
Бір күн
Сенсіз өткен қын.

Көркің
Хас батырдың түрі
Өртің
Сезімді ерткен ұры
Қолың
Алақанға тисе,
Орны
Болады он күн жылы.

Көзің
Алла нұры ғажап
Сөзің
Мың ойларды қажап.
Келсең,
Көктем кірер бірге
Кетсең...
Тіршілігім азап.

* * *

Кешірем менсіз атқан тандарынды
Кешірдім менсіз жатқан түнінді де.
Несіне айта берем жаңда мұнды?
Сен — мендік, мен — сендерлікпін бүтінгіде.

Кешірем сенсіз келген көктемдерді
Бір хабар жеткізбекен өктем желді.
Мұңсыз күн сені-дағы кешіремін
Асқақ, Ай аласарып өлкен жерді.

Тірлігім сенсіз рас қызындарды
Алайда Алла жазған сыйым бар-ды.
Кеудеге күтулерден дерт толғанда,
Кешірдім сен тойлаған жиындарды.

Ақындық о бастағы жүтім міне,
Тағдырым қалдырмасын түтімді де.
Кешірем тек сен үшін барлығын да
Ертеңді, кешегіні, бүтіндей де.

* * *

Сен келерсің бір күні
Маған қымбат сый қылышп
Жер бетінде күлкіні
Жанарыңа сыйдырып.

Таң таранып атқанда
Бәлкім түсте кешкүрым
Оттай жанған шактарда
Құштарлықты кеш күнім.

Сағынышым сенгісіз
Шала шабыт жыр түрі
Қайдан қашан белгісіз
Сен келерсің бір күні.

Сенсіз жалғыз жабықтым
Бақыт жүзін жасырып
Тұндер есік қағып тұр
Жұлдыздары шашылып.

Арманға асық ғаламда
Үміт алдай қарады
Саған ғашық санамда
Сәуле қалмай барады.

Мұңым мынау сенгісіз
Тіршілігім күлкілі
Қайдан, қашан белгісіз
Сен келерсің бір күні.

* * *

Сағынышты уақытпен жуа алмадым,
Шырынына шабыттың жұбанғаным.
Бәрі — сенің қолында білесің бе?
Өлеңім де, күлгенім, қуанғаным.

Азық етіп әлі де ақ таң барын,
Ұшты-күйлі бақыт іздең аттанғаным.
Бәрі — сенің қолында неге екені?!

Сәттілік те, сөтсіздік, шаттанғаным.

Сөзін алмай алдында ұлы ағаның,
Күлкілерді тәрк етіп жылағаным.
Бәрі — сенің қолында, сенің ғана,
Сүрінгенім, сынғаным, құлағаным.

Сен жүргенде қиялдың түстілігі,
Сенсіз іңкәр көңілдің ұшты гүлі.
Мен күңіңе айналсам, қайран қалма,
Ол — сүйікті Алланың күштілігі.

* * *

“...Түрік аруның бір меңіне
Самарқант пен Бұхараны берер ем...”

Хафиз

Көкте тәңір айналғандай сараңға,
Мәні өмірдің минуттарға түр сыйып.
Аппақ, сезім лайланып харамға
Мен бақытты таба алмадым құр сүйіп.

Көлеңкемді құша бердім тіреу деп,
Өкпем сыймай, өзді-өзіммен егестім.
Шаһар түгіл, баһор¹ сыйлар біреу жок,
Бәлкім, мен де түрік қызы емеспін.

Махаббатым мазақ болып тұндерге
Жасым менің у біткеннен ашырақ,
Өлеңімді әлің келмей күндеуге
Қарт қызғаныш, бұл шаһардан қаш жырақ,

Сосын мен де бұл қаладан кетермін,
Бәрін қойшы, момақан күн бермеген.
Шабытымды бірде жарқын етермін,
Зілзаладай бойын ашу кернеген.

Иранға ма, тіпті одан да әріге
Сәтсіздіктің көбін мұнда қалдырып.
Үмітпенен оянар ем сәріде,
Сағынышты соқпақ жырдан салдырып.

Көзім жұмбай Ай қалпағын тұргенше,
Күнді күтіп салмақтанып, сылтыған.
Бір шаһарда тұрып іздел жүргенше
Көк теңіздің аржағынан ұмтылам...

¹Р.С Шаһар – парсыша қала,
“Баһор - көктем.

Кешір,
Кінәласаң өзің біл.
Несін?!

Жылуынды сезіндім
Енді еріксіз, шексіз
Жесір
Махаббатымнан безіндім.

Енді
Ертеңім бұлдыр
Женді
Құмарлық сынғыр
Онсызда мұңым көп менің
Ерді
Соңымнан бір мұн.

Тойшыл
Көнілім екен
Ойшыл
Әмірім өтер.
Шын сүйіп шындық таппадым
Қойши
Бәрі де бекер...

* * *

Аяқтамай, жазбай кеттім жырымды
Күмарлыққа күң болғанда сезімім.
Жасырамын кімнен, қалай сырымды?
Көп күнәһар пеңденің нақ өзімін.

Сүймей жүріп сүйіп қалдым бір жанды
Көп кешігіп кезіксе де ол маған.
Тек онымен жаным-тәнім нұрланды,
Сәтім, сірә, Аллам өзі қолдаған.

Оны көрсем өмір-жұмақ бақшасы
Көрген азап ескі кино секілді.
Теңіз терлең, далам күлді ақ шашты
Мен де енді бақытты боп бекіндім.

Жүзі жарқын сол адамға ғашықтын
Тағдыр, саған тура қарап айта алам.
Түнде таңға, күндіз кешке асықтым
Көру үшін тек сол жанды қайтадан.

Ғашықтықты кім айтады күнә деп?
Сүйе алмасам, далбаса ғой қалғаны.
Сағындырса сан күн жүрек жыла, кеп,
Бір әйелдің арман емес ардағы.

* * *

Сен Каспийдің сағасында қалғанда
Мен Жайықтың жағасында мұңайым.
Бармақтай бақ таба алмаған жалғанда
Мені немен жұбатады бұл айдын?

Сезім желпіп толқынға ма, желге ме?
Өзім елтіп құр ойменен сенделем
Маған бейуақ жолыққансың сен неге?
Қалай сені сүйіп қалғам мен деген?

Маңғыстаудан мейір таппай келгем жоқ,
Жайық, төмен сала көрме жүзінді
Куаныштың құшагына енгем көп,
Сағыныштан сартап жасым үзілді.

Өлең жазсам қасіретімнен айықтым
Бар жазығым — сені өлердей сүйгенім
Жағасында гәкку мекен Жайықтың
Жалғыздықтан жынданатын күйдемін...

* * *

Кезігерміз екеуміз жолда қандай?
Тәнір өзі бүйірып, қолдағандай.
Жан-тәнімді жандырған қайран сезім,
Жоқ боларсың бір күні болмағандай.

Жұмбактаста тығылған жарқабаққа,
Күндер көшіп кетерсің беймәлімге.
Түндер келіп азабы сарнап аққан,
Тауысар ма төзім мен кейде әлімді?

Жайғасарсың жанына жарыңыздың,
Жалғандағы жарқын жан нақ өзіндей.
Ақын ару, мұнды жыр, бәрі — аңыздай,
Арман, үміт қалды ма бақ, көзінде?

Сандырақтап сөз айтып мәнісі жок,
Отырарсың өткенді қайтара алмай?
Сезім өртеп күйдірген танысың көп,
Сыра ішерсің ештеңе айта да алмай.

Саябақта жүргенде сағыныштан
Өкінерсің, айыппап жынды күнді.
Қақың да жоқ озуға жазымыштан,
Менсіз солай жалғарсың тірлігінди.

* * *

Естігім кеп даусыңды,
Көктемде күн күлгенде
Төзім менде таусылды,
Қайың оны білген бе?

Терезеге телмірдім,
Сені сонша сағынып.
Бұл күйімді жел білді,
Тағдырға ол да бағынып.

Көңілсіз гүл көшелер,
Жыр оқыны, естісін.
Барлығын да кешер ем,
Келсең бүгін кешкісін...

Күтіп күзде шаршадым,
Жапырақ, бол бар маңым.
Откен күндер бал сағым
Қайдасың сен, арманым?

* * *

Сен жайлы ойлағым келмейді,
Бүтін де, ертең де.
Салынған селтеңге
Жаныма ермейді
Үмітім ерте өлген.

Ұмытқым келеді
Тумаған күндерді
Жұлмаған гүлдерді
Қалдырған сұлдерді
Тұндерді.

Ойлағым келмейді
Сезімді
Сені бар көзімді
Тәубесі тоналған төзімді
Өзімді
Күтуден таймаған
Безсе де айналам
Күнәһар болмысың
Тірлігім солды шын
Жайнаған.

Ойлағым келеді жырақта
Жас тамып
Басқаны
Бірақ, та...

* * *

Сен жайлы өлең басылды газеттерде
Күніне сан жаттадым есімінді.
Саған ұшып жетер ем қажет жерде
Көрінсеңші, болсаңшы кешірімді.

Оралар ма, баяғы өмір қайтып?
Күн туар ма сол күндер кері айналар?!
Әлем менің мұңыма көңіл айтып,
Жыр оқыды сен жайлы телеканалар.

Сағынышым жаһанға жария бол,
Қайғым мынау.
Қаланың кеші күлді
Жұртый сүртіп жасымды қария көк
"Бекем" деді "күткейсің несібенді".

Тerezеге телмірдім төзім қалмай,
Кеп қалар деп бекітпей есігімді.
Тағдыр тауып, көзінде сезім лаулай,
Оралсаңшы, болсаңшы кешірімді.

* * *

Хош!
Сезім жоқ менде
Дос төзімге кенде.
Сүйіп те, күйіп те болдым.
Хош!
Сен де бір пенде.

Хош!
Әмірі ненің?
Бос әмірім менің.
Күлкілі қасіретім де
Қос!
Көңілдің тенін.

Хош!
Жасымды тиғым.
Тос, қалдырын сыйдың.
Бақытты сезбедім мұлдем,
Хош!
Соңғы рет сүйдім.

* * *

Сағыныштан сабылысқан,
Жазымыштан тағы қысқан
Қажыдым.

Сен кетсең де түнгі қалды із,
Ең сұлу қыз күнде жалғыз
Жазығым?

Маңайымда исің қалды кетпей,
Сүйгенім бе соңғы реттей
Бар кінәм?

Кінәм емес, күнәм мүмкін?
Жария болып бұл ән бір күн
Жарқырап.

Келгенде ажал құшағына асығам,
Ку сезімнің қалдықтары шашылар
Далаға.

Бабам туған бұл ыстық, жер
Кетем, көрмен!
Тыныштық, бер!
Санама...

* * *

Сезімім жанарымда жағыла мың,
Бір жүрген сол күндерді сағынамын.
Көңілде қуаныштан мұңым басым
Сен неге көрінбейсің, табынарым?

Жүректе өлең жанды оқылмаған
Тілекпен кестем қалды тоқылмаған.
Күндерім күтуменен өтеді ме?
Арманның алтын шыңды етегінде.

Қырқада бір қыдырған құлкім қалды,
Сағыныш сартап болған үйқымды алды.
Жыр-жансыз, жасқа малып жазғанменен
Сен неге оралмайсың қаздарменен?

ӨЗІҢСІЗ КҮНДЕР

Сағыныш отта жансақ та күнім,
Телміріп ұнсіз тұндерім шекер.
Бал шақтар менен алшақтап бүтін
Өзіңсіз өтті күндерім бекер.

Көңілсіз күзде қайтарып көктем,
Кездесіп едік тағдырым жазып.
Келмейді неге айналып өткен?
Бар ма еді әлде менде бір жазық?

Бақшада бұлбұл бағымды тілеп,
Ән салды бірге шағала құрбым.
Жетсе деп желмен жағымды тілек,
Бір жүрген біздер жағада тұрмын.

Тек өзің жоқсың, дін-аман әлем,
Қосылу қыын ғашыққа неге?
Толқындар бимен құраған сәлем,
Көруге сені асыққан менен.

* * *

Өмірімді ойран етіп,
Көңіліңен сайран кетіп
Сені сүйгенім үшін
Мені сүйгенің үшін
Кешір.

Сал күндерді қалдырып,
Бал түндерде жандырып
Сені іздегенім үшін
Үміт үзбекенің үшін
Мені кешір.

Жастықтың жамалында
Қан құшып қаламым да
Әнімді арнағаным үшін
Жанында қалмағаным үшін
Мені кешір.

Тірліктің тосқауылында
Тосылдың жасқа малына,
Көз көрмей жоғалғанынды
Өзгеге оралғанынды
Кешірмен.

* * *

Елім бар ғой, егілсем, емізетін,
Жерім бар ғой, жеңілсем жеңгізетін.
Тіпті Алматы аспаны бар пендеге,
Мөлдірліктің моншағын тең үзетін.

Далам бар ғой, сыймасам пана лайтын,
Күн нұрын да сәт сайын жаңалайтын.
Аппак, қар да әлемді құшактайды,
Жел де ұятты, сай-қырды аралайтын.

Бұлттар ғана бір кетіп, бір келеді,
Сонда шындар шым батып, бүркенеді.
Тұман басып, табиғат тәнін жауып,
Зираттардан зарланған жыр келеді.

Көтертеді құс жолы білегінді,
Айналаңнан табасың тірегінді.
Әлем тұтас, сен жүрсің өзіңше бол,
Мені сүйген түсінбей жүргегінді.

* * *

Сенсіз өткен күндерімнен безіндім,
Тұндерімнің...
Тақсіретін сезіндім.
Асау да асқақ адайдың бір қызы едім,
О, құдірет, табанында езілдім.

Сағыныштың соқпағында тапталдым,
Боз жігіт ең өнім болып жатталдың.
Ұйқысыз тұн сені ойлаумен дөңбекшіп,
Мазалаған мың ойлар деп ақталдым.

Әнді сүйген, жырға ғашық сері ұл ең,
Бір көргеннен дидарыңа ерігем.
Сенсіз өткен жылдарымнан безініп,
Сенсіз келер таңдарымнан жерінем.

* * *

Фашық болып сүйдім де сезіндірдім,
Көз алдында көлбендең бала тұлғам.
Жұбатсаң да, жылатсаң өзің білгін
Мен тек қана сен үшін жаратылғам.

Таңдарымда талықсып оянамын
Келсең келгін, келмесең өзің білгін.
Қасіретіме қатыгез тоя ма мұн,
Сезім суып, тән семіп, көзімді ілдім.

Тағдырымнан жалғыз-ақ сый еді өлең
Енди одан да адастым, кезім кіл мұн.
Сарқылғанша сағыныш сүйе берем
Келсең келгін, келмесең өзің білгін.

* * *

Жалғыз бөлме.

Қараша.

Қап-қара әлем

Қайырымы Алланың өртөнді ме?

“Кеп қалар” — деп есікті жаппаған ем,

Терезені қымтарсың

Көрпемді де.

Қап-қараңғы көше ұзын тірлігімдей,

Таусылғандай сұр ауа, демім бітіп

Шабыттым да менсінбей жүр бүгінде,

Өлең түгіл су ішпей сені күтіп.

Адам келсе, шәуілдер күшік те жоқ,

Сағат тоқтап, үзілген байланыстар.

Көзім жұмық, қабынып жүрек те көп

Күн батады кеш оны қалай ұстар?

Сынық ұстел,

Тас төсек — бар тұрағым

Сен секілді көктем де кешікті қап?!

Бөлме тоңып,

Мен-дағы қалтырадым

Есікті жап.

* * *

Кысқы қала тұнереді күлмейді
Мен қысылдым қуануға жарамай.
Сен жайлы ешкім ештеңе де білмейді,
Алғашқы қар жауған кезде далада.

Жыламағын, жалынбағын, кеш деме,
Кештім десем оным шықпас көңілден.
Енді маған керек емес ештеңе,
Файып болып кетсем дұрыс өмірден.

Усті жақұт, аңы бақыт әрі жүр
Жалғыздықта жазылмайды жазғы жыр.
Енді маған қыс па, күз бе бәрібір
Терезенің алдында өтсін аз ғұмыр.

* * *

...Олай болса, кел сезімді жерлейік
Несі қалды өлмеген?
Көрін қазып, топырақ сап терлейік
Жарай қоймас, көмбеген.

Сағыныш пен бақытты да жерлейік
Тоз-тоз болған үмітті.
Дымсыз қалып, сөйтіп біздер ерлейік,
Бізге кімдер күліпті?!

Құрылмаған шаңырақты жығайық,
Тәңір төнбес елжіреп.
Екеуміз де тәуелсіз бол шығайық,
Тезірек!!!

* * *

Сен ұмытқан шақтарда
Сағынышты күн кешкем.
Жалғыз қалып бақтарда
Мұңмен ғана үндеекем.

Жолдар анау шақырган,
Жатқан таулар құлазып.
Таңды бірге атырған
Құр қиялдар құрасып.

Сен келмеген кештерде
Жұлдыз тыңдал жырымды.
Сырымды ұқпай еш пенде,
Тұндер сылқып бұрымды.

Сен тұратын қалада
Көктем әні естілген.
От сезімді арада,
Қалайша мен кеш білгем?

Кеудем үміт толатын
Күндер қалып шерменде.
Арман қолға қонатын
Сені көргім келгенде.

* * *

Тағдыр бізге бір болуды жазбаған
Кезіктіріп бақ бергенмен аздаған...
Қақымыз жоқ, бір өткізіп түндерді
Мәпелеуге бір үмітті маздаған.

Қақымыз жоқ, құштарлыққа қылышты
Өмір мәні — махаббатқа ұлықты.
Жақындасак, бірімізге-біріміз
Тірлік бізді айырады құрықты.

Не кінәміз бар, қай жерде алғыздық?
Арымызға қашан күнә салғыздық?
Мені сүйіп күн кешесің өзгемен
Сені сүйіп тіршілігім жалғыздық,

* * *

Қайда арманым алабұртқан, қайда бақ?
Кім кінәлі махаббатқа кешіккен?!
Отырғанда сен біреуді аймалап,
Күткеніме көзімді алмай есіктен.

Кім кінәлі саған деген сезімге?
Әртер жи қалғанымен таңда ұйып,
Сен бақыттан балбыраған кезінде,
Мен отырдым сағыныштан сан күйіп.

Кім кінәлі?
Сен бөтенмен күн кештің
Маған ессіз ғашық болған қалпында,
Ал мендегі ұғына алмас жырды ешкім
Бәлкім, оқыр қалған қазақ, артымда.

Жанарымда сол баяғы сауал құр,
Жауабы жоқ, жолдар жатыр айырық,
Неге біздің арамызда қамал тұр,
Үміттерді айырып?

* * *

*Көргім келген шақтарда
Өлгім келген...*

Көргім келген шақтарда сізді ғана
Өлгім келген қиялдың көрпесінде.
Тірлігім мен үйқымды бұзды қала
Мендік бітпес мұндардың өлкесінде.

Сағынғанда сезімге дауа болмай
Жалынғам да бейнеге қабырғада.
Жалғыздықтан жынданғам жауап алмай
Өлеңімнен
Бағынбас сабырға да.

Қиналғанмын
Кеште әсем сізді көрмей.
Жиналғанмен бармадым. Жандыңыз ба?
“Келер” деді үмітім үзілердей
Өлең жаздым шашуға алдыңыздан.

Көргім келген шақтарда сізді ғана
Өлгім келген...

* * *

Гүл қала еді.
Атаңды күзгі қала.
Сағыннатын сазымен сізді ғана
Менсінбейді бұл қала жырларымды
Әлі санап жүр ме екен бізді бала.

Көктем еді жайнаған
Күз басынды.
Ізғарлы кеш арманым қүз басында
Бала кездей сыр айтам көк терекке
Мені күтіп тұрсаңыз сіз қасында.

Көк терекке жүгінем
Бала сынды.
Түсінбейді бұл қала қарасымды
Сізді күтіп қаңғырам қара басым
Жастығымды өткізбей жарасымды.

Өлең өлмес десем де
Жырым тәмам.
Орда бұзбай өргенген түрім жаман
Сізге ғашық болғаным — бар айыбым.
Күнәсі көп қалада сырым аман.
Көкте құдай, жерде сіз, жырым балам.

* * *

Көрі Каспий өзіне қаратады
Бір сыр бағам.
Сіз жайлы айтар ма еді?!

Толқындарды үздіксіз жаратады
Бірақ, маған ол сізді қайтармайды.

Жаным менің жазықсыз ауырады
Жағалауда аралда қалғандай бол.
Дүниенің дүрмегі табылады
Бала толқын, қарт теңіз, аймандаі көк.

Үнсіз ғана мен жүрем, әлем шулап
Ән салады орынсыз шағалалар.
Кеудемдегі тіршілік әрең тулас,
Кінәм де жоқ біреуге таға қалар.

Шағаланың тербетіп тылсым әні
Көкке қарап дәметіп шапағаттан.
Ай сәулесі әл бермес құрсын бәрі,
Өлсем осы өлейін махаббаттан.

Меніреумін, селт етпей шындаса ой
Бірде жылап, бір сөйлеп тас бейнемен.
Менің жазған жырымды тындаса ғой,
Жетісүдің жігіті Каспийменен

* * *

Көктемсіз көшелерге
Күз кілем төсегенде.
Куаныш жоғалады,
Бар болған кеше менде.

Жаз өтіп жайрандаған,
Жыр туды арналмаған.
Өзіңсіз бақыт деген
Бұйырсын қайдан маған?

Келмейді күзге әлім
Жетпейді сізге әнім
Кездесу қашан келер?
Қоштасу бізге мәлім.

Арманның асыл әні
Жолыңа шашылады.
Көктемдей көңілінді,
Күз неге жасырады?

Сезіммен сабыламын
Моншағын тағына мұң
Көктемсіз көшелерде
Мен сізді сағынамын.

Жалғыздықтың құшағында жалықтым,
Жалқы өткен күндерімнен өзіңсіз.
О, тәңірім, мейіріңе қарық, кім?
Ернім — құрғап қалған теңіз,
көзім — күз.

Құштарлықтың қақпанында қысылдым.
Құмарлықты қайтем енді құрықсыз.
Қалай ғана құшағынан ысырдың?
Өртеп тәнді еріндерің тұрып сіз.

Қалада бақ ырғалғанда қайыңсыз
Жұлдызды тұн жымындаса үр қылық.
Ұмытарсыз мені тез-ақ уайымсыз,
Сізге жазған өлеңдерім жыртылып.

МАЗМҰНЫ

I-бөлім

Самға сағыныш

Қазақстан.....	3
"Ием сенсің..."	4
"Алматыдан..."	5
Бейнеу.....	6
"Күдіксіз көрінген..."	8
"Венгр жері..."	9
"Талқан болып..."	10
"Тентек едім..."	11
"Маңғыстау!.."	12
"Елім,.."	13
"Тұған жер!.."	14
Маңғыстау.....	15
Ауған	
жауынгерлеріне.....	18
Самға сағыныш.....	19
"Сам құмы,.."	20
"Тұған жерім..."	21
Ер Шотан.....	22

II-бөлім

Сен мәңгі бол, қара өлең

"Бір бақыттың..."	27
"Қайғы мен шаттық,.."	28
"Ақындарым..."	29
"Бақыт қайда?.."	30
"Жалғыздық,.."	31
"Төлегендей ғашық,.."	32
"Шағынбайын..."	33
"Кешір мендік..."	34
"Өлең!.."	35
"Жалғыздықтан..."	36
"Мұқа,.."	37
"Шошаңдаған..."	38
"Сен барсың..."	39
"Аспан алыс,.."	40
Сегіз аяқтың ізімен.....	41
"Ардағым қашып,.."	42
Серік Томановқа.....	43
Аманқос Мереевке....	44
"Козімді шаттықтен..."	45

III-бөлім

Мен саған ораламын

"Жоғарының..."	46
"Ана!!"	47
"Күнім..."	48
"Сауық салған..."	49
"Тал бойымды..."	50
"Бағзы үмітпен..."	51
"Мұңдан қашпан..."	52
"Ақындыққа..."	53
"Жазғыра көрме,.."	54
"Мама!.."	55
"Өмірімнің..."	56
"Бәрін де,.."	57
" Таңымды..."	58
"Сыртта сәуір,.."	59
"Жалықтым..."	60
Аманат.....	61
"Арманымның..."	63
"Арманды..."	64
"Шаршадым..."	65
"Жанындағы..."	66
"Күлазыпты түсі көк,.."	67
"Шағынатын..."	68
"Бақыт боп..."	69
"Қызық қуып.....	70
"Алатау..."	71
"Жанымның..."	72
"Жастық шақтың..."	73
"Тағы жалғызбын..."	74
"Күшім де жетпеді..."	75
"Жанымның..."	76
"Күнәм болса,.."	77
"Сөз бастасам,.."	78
"Кешіре алсам,.."	79
"Мен білмеймін..."	80
"Қарашада..."	81
"Жанымда..."	82
"Шамам жоқ,.."	83
"Оқыма жырды..."	84
"Әйелдік..."	85
"Әлдекімді..."	86

IV-бөлім	
Тамызда қайтып оралшы	
"Я, раббым!.."	87
Жанар.....	89
"Қара жердің.."	90
"Жан апа,.."	91
"Жоқсың сен..."	92
"Сениң бейнең.."	94
Тамызда қайтып оралшы.....	95
"Бақыттың дәмін..."	96
Мұнар, мұнар, мұнар күн.....	97
"Жанымды.."	98
"Сағыныш сазына..."	99
"Поэзия тәңірің..."	100
"Еглесем елім..."	101
"Өмірімнің..."	102
V-бөлім	
Жағада жазған жырлардан	
"Тілім өгей,.."	103
"Өзіне өзі жүт.."	104
"Жағада жалғыз..."	105
"Бойымда.."	106
"Жанғанда сезім..."	107
"Мені тағы да..."	108
"Жүргімде.."	109
"Арманым..."	110
"Дүние даңғой,.."	111
"Сенсіз қалып..."	112
"Көңілсіз күндер..."	113
"Кештерде.."	114
"Бар төзімім.."	115
"Жағасында.."	116
"Көңілімнің еркін..."	117
"Құмды сүйем.."	118
"Жынды елестің.."	119
"Бейжай күндер.."	120
"Жауапсыз қалсада.."	121
"Сағындым сені.."	122
"Рахымды.."	123
"Жолынды.."	124
"Жоладың..."	125
"Күтемін..."	126
"Жаңың.."	127
"Кешірем..."	128
"Сен келерсің.."	129
"Сағынышты..."	130
"Көктө тәңір.."	131
"Кешір.."	132
"Аяқтамай.."	133
"Сен Каспийдің ..."	134
"Кезігерміз.."	135
"Естігім кеп.."	136
"Сен жайлы.."	137
"Сен жайлы өлең.."	138
"Хош!.."	139
"Сағыныштан.."	140
"Сезімім ..."	141
Өзіңсіз күндер.....	142
"Өмірімді ойран..."	143
"Елім бар ғой,.."	144
"Сенсіз өткен.."	145
"Фашық болып.."	146
"Жалғыз бөлме"	147
"Қыскы қала.."	148
"...Олай болса,.."	149
"Сен ұмытқан.."	150
"Тағдыр бізге.."	151
"Қайда арманым.."	152
"Көргім келген.."	153
"Гул қала еді.."	154
"Көрі Каспий.."	155
"Көктемсіз.."	156
"Жалғыздықтың.."	157

Анар Шамшадинова

Тамызда қайтып оралышы

Сарашисты
Ұлжалғас Зәуірбекова

Техникалық сарашисты, безендірген және
беттеген
Нұргұл Сейдахметова

Теруге 01.09.10 жіберілді. Басуға 23.09.10 қол
қойылды. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі "Таймс". Пішімі
84x90^{1/32}. Офсеттік басылыс. Баспа табағы 10.0. б.т.
Есептік баспа табағы 8. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс
№ 950. Келісімді баға.

"Жалын баспасы" Жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі. 050009. Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-
үй.

Тел.: (327) 394-36-40



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009, Алматы қаласы,
Гагарин даңғылы, 93. Тел.: 394-39-22, 394-39-34, 394-39-42,
E-mail: rpic-dauir81@mail.ru, rpic-dauir2@mail.ru

ISBN 9965-693-99-4



9 789965 693991



Шамшадинова Анар

1974-жылы Маңыстау облысында

тұган. 1996—97-жылдары Әл-Фараби атын-

дағы Қазак Ұлттық Университетінің журналистика
және шығыстану факультеттерін бітірген. «Поэзия көктемі-

2000» студенттер байқауының жеміспазы, «Шабыт-2003»
халықаралық фестивалінде З-орын иеленген. Сондай-ак,

2000-жылды «Қазақстаным — қара шаңырағым» атты

республикалық радио мүшэйрасының жүлдегері,

Жаражан Әбдіраш атындағы сыйлықтың

арнайы жүлдесін алған. Қазақстан

Жазушылар Одағының мүшесі.

Kas tolkyn